

«QAZAQSTANNYŇ  
ORNYQTILYQ QORY»  
AKTSIONERLIK QOǴAMY



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«КАЗАХСТАНСКИЙ  
ФОНД УСТОЙЧИВОСТИ»

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2025



# МАЗМҰНЫ

|                                                                              |     |
|------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Директорлар кеңесі төрағасының мәлімдемесі                                   | 03  |
| Басқарма төрағасының мәлімдемесі                                             | 05  |
| Қор туралы                                                                   | 07  |
| Макроэкономикалық жағдайға шолу                                              | 12  |
| Негізгі көрсеткіштер                                                         | 19  |
| Қор бағдарламаларын іске асыру                                               | 22  |
| Тиімді және орнықты Қор құру                                                 | 32  |
| Қоғамның қызметін талдау және орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау | 47  |
| 2025 жылға арналған басты мақсаттар                                          | 56  |
| Корпоративтік басқару                                                        | 58  |
| 2025 жылғы қаржылық есептілік және тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы        | 80  |
| Терминдер мен анықтамалар                                                    | 95  |
| Байланыс ақпараты                                                            | 100 |

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



## ҚҰРМЕТТІ ИНВЕСТИТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Ұлттық экономика мен қаржы секторының жалғасып отырған трансформациясы жағдайында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ел халқының әл-ауқатын жақсартуға ықпал етуге, баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қаржы жүйесін нығайтуға, қаржы нарықтарын дамытуға және ұлттық валютаға деген сенімді арттыруға бағытталған стратегиялық бағдарлары ерекше маңызға ие болады.

Көрсетілген мақсаттарға сәйкес Ұлттық Банк жүйелі түрде сараланған ақша-кредит саясатын жүргізеді және қаржылық тұрақтылықты қолдау бойынша шаралар кешенін іске асырады. Бұл қадамдар елдің тұрақты және сапалы экономикалық өсуі үшін, сондай-ақ ұлттық валютаның орнықтылығын қолдау, төлем жүйелерінің сенімді жұмыс істеуі және қаржы саласындағы технологияларды дамыту үшін негіз қалайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес біздің басымдығымыз қаржы жүйесінің нарықтық қағидаттарда жұмыс істеуін қамтамасыз ету және экономиканы теңгерімді дамыту болып табылады.

ҚРҰБ еншілес ұйымы – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ арқылы қаржылық орнықтылыққа ықпал етуге ерекше назар аударылды. Екінші деңгейдегі банктерді қолдау және экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске асыру арқылы банк секторының қаржылық орнықтылығына жәрдемдесу Қордың негізгі міндеттері болып қала береді.

2025 жылы Қор алдына қойылған барлық стратегиялық міндеттерді табысты іске асырды, сондай-ақ алдыңғы жылдар үшін Жалғыз акционерге 371,3 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

2025 жылғы 11 қарашада Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Тұрақты» болжамымен «BB» деңгейінде эмитент «ҚОҚ» АҚ-ның ұзақ мерзімді дефолт рейтингін растады, бұл Қордың сенімділігін және оның ҚРҰБ-мен берік байланысын көрсетеді.

Директорлар кеңесінің атынан барлық серіктестерге ынтымақтастық пен көрсетілген сенім үшін ризашылығымды білдіремін. Корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын және транспаренттілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, біз инвесторлармен, рейтингтік агенттіктермен, аналитикалық қоғамдастықпен және өзге де мүдделі тараптармен сындарлы диалог құруға, сондай-ақ өзара тиімді іс-қимыл жасауға әрдайым ашықпыз.

---

**Құрметпен, Ерулан Жамаубаев**  
**Директорлар кеңесінің төрағасы**



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

## ҚҰРМЕТТІ ИНВЕСТИОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздерге сәлем жолдай отырып, 2025 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ Жылдық есебін назарларыңызға ұсынғым келеді.

Өткен жылы Қазақстан Республикасының экономикасы инфляциялық қысымға және сыртқы нарықтардың құбылмалылығына қарамастан орнықты өсуді көрсетті. Жалпы ішкі өнімнің өсуі 6,5% -ды құрады, бұл іскерлік белсенділіктің тұрақтылығын және негізгі салалардың дәйекті дамуын растайды. Сонымен қатар инфляцияның сақталып отырған деңгейі баға мен қаржы тұрақтылығын қолдауға бағытталған сараланған және болжамды макроэкономикалық саясат жүргізуді талап етті. Осы жағдайларда Қордың қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттерін іске асыруға: қаржы жүйесін нығайтуға, капиталдың ішкі нарығын дамытуға және қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыруға шоғырланған.

Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге ықпал ету шеңберінде Қор екінші деңгейдегі банктердің түйінді көрсеткіштерінің ұдайы мониторингін жүзеге асырады, бұл жекелеген институттардың да, жалпы сектордың да даму серпінін уақтылы бағалауға мүмкіндік береді. 2025 жылдың нәтижелері бойынша Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық орнықтылық бағдарламасына қатысушы банктердің жиынтық активтері 11%-ға, ал жиынтық меншікті капиталы 17%-ға ұлғайды. Бұл ретте есепті кезеңде банктер осы Бағдарлама бойынша 318,6 млрд теңге мөлшеріндегі қаражатты мерзімінен бұрын өтеді. Аталған серпін банк секторындағы оң үрдістерді көрсетеді және қабылданатын мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін растайды.



Қор бағалы қағаздардың ішкі нарығында сенімді эмитент мәртебесін сақтайды. 2025 жылы 407 млрд теңге сомасына облигацияларды орналастыру жүзеге асырылды, бұл ретте бұрын шығарылған міндеттемелерді өтеу көлемі 609 млрд теңгені құрады. Бұл инвесторлар алдындағы міндеттемелердің жоғары өтімділігі мен мүлтіксіз орындалғанын көрсетеді. Қордың іске асырылатын саясаты міндеттемелердің теңгерімді құрылымын қолдауға, нарықтық өтімділікті қамтамасыз етуге және қор нарығының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Қордың 2025 жылы биржалық нарықта РЕПО операцияларын белсенді жүргізуі ақша қаражатының 2,5 трлн теңгеден астам айналымына қол жеткізуге мүмкіндік берді, бұл қаржы секторының өтімділігін елеулі қолдауды қамтамасыз етті.

Әлеуметтік бағыттылық Қор қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Жыл қорытындысы бойынша мынадай елеулі нәтижелерге қол жеткізілді:

- Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасына сәйкес 1 746 қарыз алушының 28,2 млрд теңге сомасындағы ипотекалық қарыздары қайта қаржыландырылды. Бұл күрделі қаржылық жағдайға тап болған азаматтарға айтарлықтай қолдау көрсетті және олардың жалғыз тұрғын үйін сақтап қалуға және борыштық жүктемені төмендетуге ықпал етті.
- «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы аясында 5 562 азаматқа 100 млрд теңге сомасына қарыз берілді, бұл олардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға және құрылыс саласын дамытуға қосымша серпін берді.
- Жеңілдікті автокредит беру бағдарламасы бойынша 12,6 млрд теңгеден астам сомаға 1 295 қазақстандыққа отандық өндірістің жаңа автомобильдерін сатып алу қаржыландырылды, бұл ұлттық автоөнеркәсіпті дамытуға қосымша қолдау көрсетіп, елдегі экологиялық жағдайды жақсартты.

2025 жылы Қор оң қаржылық нәтижелер көрсетті: таза пайда 20 млрд теңгені құрады, ROA және ROE тиімділік көрсеткіштері - тиісінше 0,54% және 0,76%. Қол жеткізілген нәтижелер елдің қаржылық жүйесінің орнықтылығына және қор нарығын дамытуға бағытталған таңдалған стратегияның тиімділігін растайды, сондай-ақ әлеуметтік бағыттағы даму институты ретінде ұйымның ерекшелігін көрсетеді.

Қор өз қызметінде орнықты даму, корпоративтік басқару және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын жүйелі түрде ұстанады. Біз үшін басымдық тұрақты қаржылық нәтижелерге қол жеткізу ғана емес, қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен айқындығы арқылы мемлекет, инвесторлар мен қоғам тарапынан жоғары сенімді сақтау болып табылады.


Жалғыз акционерге, серіктестерге және ұжымға ортақ мақсаттарға қол жеткізудегі қосқан үлесі мен сенімі үшін ризашылығымды білдіремін. Қор сенімді серіктес ұстанымын нығайтуды жалғастырып, Қазақстан Республикасының қаржы нарығының өркендеуі мен экономикалық өсуіне елеулі үлес қосатынына сенімдімін.

---

**Құрметпен, Ерболат Оспанов**  
**Басқарма төрағасы**



# ҚОР ТУРАЛЫ



## ДАМУ ТАРИХЫ

Мемлекет басшысының "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауын орындау мақсатында ҚРҰБ ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасын іске қосты. Оны іске асыру үшін ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 130 қаулысына сәйкес "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) құрылды.

2019 жылғы 25 желтоқсанда ҚРҰБ арқылы Жалғыз акционер Ипотекалық тұрғын үйге кредит беру бағдарламаларының операторы ретінде қоғамның ("Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ) қызметі түрлерін сақтай отырып, "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ-ны Қорға қосу нысанында Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

### Қордың миссиясы

— ҚРҰБ стратегиялық міндеттері шеңберінде халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және бизнес дамытуды қолдау

## ҚОРДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

01



Қаржы жүйесінің  
орнықтылығын қамтамасыз  
етуге жәрдемдесу

02



Экономиканы мемлекеттік  
қолдау бағдарламаларын  
қаржыландыруға қатысу

03



Тиімді және орнықты  
Қор құру

Қор өз қызметін ҚРҰБ-ның баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі стратегиялық міндеттері шеңберінде жүзеге асырады.

## ҚОРДЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

|                                                                                        |                            |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| Бағалы қағаздардың түрі                                                                | Жай акциялар               |
| ISIN бағалы қағаздарының түрі/IDR талап ету құқықтары, инвестициялық пай қорының атауы | KZ1C00008036 жай акциялары |
| Бағалы қағаздардың мәртебесі                                                           | Айналыста                  |
| Жарияланған бағалы қағаздар саны                                                       | 521 697 218                |
| Орналастырылған бағалы қағаздар саны                                                   | 493 697 218                |
| Орналастырылған және дауыс беретін бағалы қағаздардың саны                             | 493 697 218                |
| Орналастырылмаған акциялар саны                                                        | 28 000 000                 |
| Эмитент сатып алған бағалы қағаздар саны                                               | 0                          |
| Ұстаушылар талап етпеген бағалы қағаздардың саны                                       | 0                          |
| Бір акцияның номиналды құны                                                            | 10 000 (он мың) теңге      |

|                                                    |                                                                                                                                                                          |
|----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жалғыз акционер                                    | "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесі                                                                                              |
| Жалғыз акционерге тиесілі бағалы қағаздардың үлесі | 100%                                                                                                                                                                     |
| Акциялармен берілетін құқықтар:                    | 1. "Мемлекеттік мүлік туралы" және "Акционерлік қоғам туралы" Заңдарға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы; |
|                                                    | 2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дивидендтер алу құқығы;                                                                                  |
|                                                    | 3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығы.                                                  |

## 2025 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

1

2025 жылы Қорға негізгі борыш пен пайыздық сыйақы түрінде 331 млрд теңге сомасына бағдарламалық қаражат қайтарылды.

2

Қор "7-20-25" бағдарламасын қаржыландыру үшін жалпы сомасы 407 млрд теңгеге облигациялар орналастырды және 609 млрд теңге сомасына бұрын шығарылған облигациялар өтелді.

3

2025 жылғы 11 қарашада Fitch Ratings Қордың шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР-ін "BBB" деңгейінде растады, болжам - "Тұрақты".

4

2025 жылы ипотекалық тұрғын үй бағдарламалары бойынша ипотекалық қаржыландыру шеңберінде ЕДБ 5,6 мыңнан астам қазақстандыққа 100 млрд теңге сомасында қарыз берді.

Ипотекалық портфель 1 051,1 млрд теңгеден асты, бұл ЕДБ ипотекалық тұрғын үй қарыздарының жиынтық портфелінің 15%-ын құрады.

5

Қор 2025 жылы 2,5 трлн теңгеден астам ақша қаражатының жалпы айналымын қамтамасыз ете отырып, биржалық нарықта РЕПО операцияларын белсенді жүргізді.

6

59.5 мың қарыз алушының (кепіл берушінің) және олардың отбасыларының жалғыз тұрғын үйін сақтап қалу, қарыз алушылардың, оның ішінде ХӨОТ-қа жататын қарыз алушылардың берешегін азайтуға жәрдемдесу мақсатында қарыз алушыларға көмектесуге бағытталған қайта қаржыландырылған қарыздар портфелі 436 млрд теңгеден асты.

7

2025 жылғы 19 наурызда Қордың Жалғыз акционеріне 371,3 млрд теңге сомасында дивидендтер төленді

# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ



# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2025 жылы Қазақстан экономикасы жаһандық конъюнктураның ішкі және сыртқы сын-қатерлеріне оң реакциясын көрсете отырып, тұрақты өсуді көрсетті. Нақты жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2024 жылмен салыстырғанда 6,5%-ға ұлғайды, бұл экономикалық динамиканың айтарлықтай жеделдеуі болып табылады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14,2 мыңнан 14,6 мың АҚШ долларына дейін өсті.

Өсімнің негізгі драйвері өнеркәсіп, көлік, құрылыс және сауда болды, бұл ретте азық-түлік және химиялық өнімдер, тау-кен өнімдері мен жабдықтар өндірісі көлемінің ұлғаюының арқасында өнеркәсіп өндірісі 7,4%-ға, ал өңдеу секторы 6,4%-ға өсті.

## 2015-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚР ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ (%/ТРЛН ТҒ)



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

\* 2025 жылғы ЖІӨ жедел деректер бойынша өндіріс әдісімен есептелген

## 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДАҒЫ ЖІӨ-ГЕ НЕГІЗГІ САЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ (%)



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

\* ЖІӨ-нің негізгі салалары бойынша ақпарат 2026 жылғы маусымдағы жағдай бойынша берілген

ЖІӨ өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 6,5%-ға ұлғайды.


Ең жоғары номиналды өсімді көлік және қоймалау (20,2%), құрылыс (15,9%), тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу (9,3%), көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу (9%), өңдеу өнеркәсібі (6,7%) салалары көрсетті.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

2025 жылдың қорытындылары бойынша іскерлік белсенділік индексі өткен жылмен салыстырғанда негізгі индекстің де, экономиканың барлық секторлары бойынша да құлдырау динамикасын көрсете отырып (49,9) құрады.

Индекстің неғұрлым төмендеуі құрылыста (-16,6%), қызметтерде (-3,2%) және сауда секторында (-1,5%) байқалды, бұл ретте өндіріс және тау-кен өнеркәсібі секторында индекстер тиісінше 2,6% бен 2,3%-ға өскенін көрсетті.

2025 жылдың соңы қалпына келтіру мен тежеу арасындағы тепе-теңдік режимінде өтті. Ресми түрде ІДИ көрсеткіші оң болып қала береді, дегенмен индекстің төмендеуі экономика қазір құлдырау салдарынан емес, сенімділіктің болмауынан қарқынын бәсеңдететін күтү кезеңінде екенін көрсетеді.



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

\* IBI индекстері бойынша ақпарат 2026 жылғы маусымдағы жағдай бойынша берілген

## ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ

Қазақстанда 2025 жылы жылдық инфляция 2024 жылғы 8,6%-ға қарағанда 3,7%-ға ұлғайып, 12,3%-ды құрады. Бұл ретте соңғы 3 жылда тұтыну бағаларының индексі ең жоғары мән болып табылады.


Жалпы алғанда жылдық инфляция индексі азық-түлік инфляциясының 8,3%-дан 13,5%-ға дейін және азық-түліктік емес инфляцияның 5,5%-дан 11,1%-ға дейін ұлғаюы нәтижелерінен қалыптасты.

ҚР базалық мөлшерлемесі бойынша ақша-кредит саясатының қатандатылуына, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің қымбаттауына мораторийдің енгізілуіне қарамастан, нарыққа қатысушылардың инфляциялық болжамы сақталуда.



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы


## ҚР-ДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ХАЛЫҚ САНЫ (МЛН АДАМ) ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

Жұмыссыз халық саны 2024 жылғы 448,2 мыңнан 2025 жылы 445,7 мың адамға дейін азайды. Жұмыссыздық деңгейі 4,6% деңгейінде сақталды, бұл соңғы 7 жылда ең төменгі көрсеткіш болып табылады. Жұмыспен қамтылған халық саны 2025 жылдың қорытындылары бойынша 2024 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға ұлғайып, 9,3 млн адамды құрады.

## БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (ТРЛН ТЕҢГЕ)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері 2025 жылы 15%-ға ұлғайып, 70,7 трлн теңгені құрады. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық активтер құрылымында ең көп үлесті (61,5%) екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі құрайды, ол 21%-ға 35,8 трлн теңгеден 43,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды.


## ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (%)

ЕДБ несиелік портфеліндегі ең көп үлес (57%-ға дейін) жеке тұлғаларға берілген қарыздарға тиесілі. Жеке тұлғаларға берілген қарыздар көлемі 2025 жылы 20,7 трлн теңгеден 28,2 трлн теңгеге дейін 36,5%-ға ұлғайды, бұл ретте заңды тұлғаларға берілген қарыздар көлемі 14,7 трлн теңгеден 20,5 трлн теңгеге дейін 39,5%-ға ұлғайды.



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

## ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН САЛЫМДАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ (ТРЛН ТЕҢГЕ)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі


2025 жылдың қорытындылары бойынша жиынтық банктік міндеттемелер 52,7 трлн теңгеден 60,2 трлн теңгеге дейін 14,3%-ға өсті. Банктер міндеттемелерінің құрылымында клиенттердің салымдары 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 80,9%-ды, яғни 48,7 трлн теңгені құрады, оның ішінде жеке тұлғалардың салымдары - 28,2 трлн теңге немесе 58%, заңды тұлғалардың салымдары - 20,5 трлн теңге немесе 42%.

Қазақстан экономикасы 2025 жылы экономикалық өсу қарқынының жеделдеуін көрсетті. Нақты жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 6,5%-ды құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 1,7 пайыздық тармаққа жоғары.

Экономикалық өсу аясында іскерлік белсенділік пен жұмыссыздық деңгейінің тұрақтылығы байқалады, банк секторының негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады. Екінші деңгейдегі банктердің активтері, несиелік портфелі мен меншікті капиталы тұрақты өсімді көрсетті, бұл экономиканы кредиттеу аумағының кеңеюін және банк жүйесінің қаржылық орнықтылығының ұлғаюын көрсетеді.

Сонымен қатар инфляциялық қысымның едәуір күшеюі байқалады. Инфляция деңгейі 3,7%-ға ұлғайып (2024 жылғы 8,6%-дан 2025 жылы 12,3%-ға дейін), соңғы үш жылдағы ең жоғары мәнге жетті.

Орта мерзімді болашақта мынадай маңызды макроэкономикалық тәуекелдер сақталады:



Экономикалық саясаттың негізгі міндеттері экономиканы әртараптандыру, инфляцияны бақылау және сыртқы геосаяси және баға күйзелістеріне төзімділікті арттыру болып қала береді.

ҚРҰБ стратегиялық жоспарына сәйкес өзінің стратегиялық бағыттарын ұстану Қорға ЕДБ-мен және халықпен өзара іс-қимыл жасай отырып, елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығына белсенді қатысуға, сондай-ақ ЕДБ қолдау және экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске асыру арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға, сол арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді, бұл ретте Қордың активтері ҚР жалпы ішкі өнімінің 2,3%-ын құрайды.



Қор бекітілген бағдарламаларды іске асыру шеңберінде іс-шараларды қалыптастыру үшін Қазақстанның макроэкономикалық жағдайына және банк нарығына ұдайы негізде мониторинг жүргізеді.



# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

## ҚОРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Қор 2025 жылы мынадай негізгі көрсеткіштерге қол жеткізді, млрд теңгемен:

|                                                                                                                                 | 2023  | 2024  | 2025   |       | Даму жоспарының орындалуы |      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------|--------|-------|---------------------------|------|
| Көрсеткіштер                                                                                                                    | нақты | нақты | жоспар | нақты | Абс. ауытқу               | %    |
| <b>Экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысу</b>                                                     |       |       |        |       |                           |      |
| Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу <sup>[1]</sup>                                            | 1 570 | 1 669 | 1 776  | 1 775 | -1                        | 100% |
| <b>Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша ықпал ету</b>                                                            |       |       |        |       |                           |      |
| Облигацияларды шығару және орналастыру есебінен қаржыландыруды тарту <sup>[1]</sup>                                             | 2 176 | 2 410 | 2 818  | 2 818 | 0                         | 100% |
| <b>Тиімді және орнықты Қор құру</b>                                                                                             |       |       |        |       |                           |      |
| Таза пайда алу (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеру әсерін ескермей) | 52    | 52    | 48     | 55    | 7                         | 114% |
| Бағдарламалық құралдарды қайтару                                                                                                | 266   | 463   | 318    | 331   | 13                        | 104% |

2025 жыл ішінде Қор 2023-2026 жылдарға арналған Қорды дамыту тұжырымдамасына сәйкес келесідей негізгі стратегиялық міндеттерді белсенді түрде іске асырды:

- қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысу;
- тиімді және орнықты Қор құру.

<sup>1</sup>Көрсеткіштер бағдарламаның басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі

## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

|                  |            | 2023  | 2024  | 2025   |       |             |      |
|------------------|------------|-------|-------|--------|-------|-------------|------|
| Көрсеткіштер     | Өлш. бірл. | Нақты | Нақты | Жоспар | Нақты | Абс. ауытқу | %    |
| Активтер         | млрд теңге | 3 975 | 4 011 | 3 618  | 3 738 | 120         | 103% |
| Меншікті капитал | млрд теңге | 2 761 | 2 864 | 2 537  | 2 658 | 121         | 105% |
| Қарыз капиталы   | млрд теңге | 1 214 | 1 147 | 1 081  | 1 081 | 0           | 100% |
| Таза кіріс       | млрд теңге | 92    | 79    | -17    | 20    | 37          | 218% |
| ROA              | %          | 2,3   | 1,97  | -0,47% | 0,54% | 1,01        | 214% |
| ROE              | %          | 3,3   | 2,76  | -0,67% | 0,76% | 1,43        | 213% |

Қордың 2025 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша мынадай нақты қаржылық көрсеткіштер қалыптасты:

- активтер көлемі 3 738 млрд теңгеге жетті, жоспардың орындалуы 103%-ды құрады;
- меншікті капитал 2 658 млрд теңге мөлшерінде қалыптасты, жоспар 105%-ға орындалды;
- қарыз капиталы 1 081 млрд теңгені құрады, жоспар 100% деңгейінде орындалды.

**ROA 0,54%**

**ROE 0,76%**

Қордың таза кірісі 2025 жылы 20 млрд теңгені құрады.

Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда баланстық көрсеткіштердің төмендеуі негізінен ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы бойынша ЕДБ-ге қаржылық көмек көрсету шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуге, сондай-ақ 7-20-25 бағдарламасы шеңберінде кредиттік портфельді өтеуге байланысты.

2025 жылы тиімділіктің нақты көрсеткіштерінің жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда өсуі негізінен қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруінен нақты қалыптасқан таза кірістермен негізделеді.

ҚРҰБ ақша-кредит саясатына сәйкес базалық мөлшерлеменің көтерілуі әділ құнның өзгеруінен неғұрлым жоғары шығыстарға алып келді, бұл 2025 жылы өткен кезеңдермен салыстырғанда таза кірістің төмендеуіне әкеп соқтырды.

| Атауы                                      | 2023     | 2024     | 2025     |
|--------------------------------------------|----------|----------|----------|
| 1 (бір) акцияның баланстық құны (теңгемен) | 5 592,61 | 5 800,42 | 5 382,69 |
| 1 (бір) акцияға базалық пайда (теңгемен)   | 186,54   | 159,98   | 40,84    |

# ҚОРДЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ



# ҚР БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасының негізгі мақсаттары банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторына кредит беруді қалпына келтіру, экономика мен халыққа банктік қызметтерді үздіксіз көрсетуді жүзеге асыру, сондай-ақ банк секторының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Дағдарыс құбылыстары мен әлемдік дағдарыстардың, коронавирустық инфекция пандемиясының салдарына байланысты макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы кезеңінде Қор бүкіл қаржы жүйесі мен экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында банк секторына қолдау көрсетті.

Бұл ретте ЕДБ меншікті капиталының ұлғаюы жұмыс істемейтін активтердің төмендеуімен бірге банктердің экономиканың нақты секторын кредиттеуін қалпына келтірді, қаржылық тұрақтылық пен орнықтылықты күшейтті, бұл жаңа қолайсыз сыртқы факторларға қарсы тұруға, сондай-ақ экономика мен халыққа банктік қызметтерді үздіксіз көрсетуді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.



2025 жылдың қорытындылары бойынша ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасына қатысатын ЕДБ-нің қаржылық орнықтылығының негізгі көрсеткіштері келесідей оң динамиканы көрсетті:



ЕДБ-нің жиынтық  
активтері 11,0%-ға  
өсті

01



жиынтық меншікті  
капитал 17,0%-ға өсті

02



бөлінген қаражатты  
мерзімінен бұрын  
қайтару 618,2 млрд  
теңгені құрады, оның  
ішінде 2025 жыл үшін  
318,6 млрд теңге  
өтелді

03

ҚР банк секторының қаржылық орнықтылық бағдарламасының барлық қатысушылары 2025 жыл ішінде пруденциалдық нормативтер бойынша талаптарды орындады (дереккөз: ҚРҰБ).

# ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қор 2025 жылы қарыз алушылардың (кепіл берушілердің) жалғыз тұрғын үйін сақтап қалу, қарыз алушылардың, оның ішінде ХЭОТ-қа жататын қарыз алушылардың берешегін азайтуға және проблемалық қарыздардың үлесін төмендетуге жәрдемдесу мақсатында Қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыруға қатысуын жалғастырды. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 2025 жылы жалпы сомасы 28,2 млрд теңгеге 1,7 мыңға жуық қарыз алушы қайта қаржыландырылды.

## 1-БӨЛІМ

Бағдарламаның 1-бөлімінің талаптарына сәйкес жалпы сомасы 212,14 млрд теңгеге 33 190 қарыз, оның ішінде бұрын қайта қаржыландырылған қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен 82,9 млрд теңгеге 9 579 қарыз (револьверлік тетікті ескере отырып) қайта қаржыландырылды. 2025 жылы 1-бөлім шеңберінде жалпы сомасы 6,95 млрд теңгеге 444 қарыз, оның ішінде 4,8 млрд теңге сомасына 314 ХЭОТ қарызы қайта қаржыландырылды. 2025 жылы Қор заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің мемлекеттік баж сомалары бойынша, сондай-ақ жалпы сомасы 511,3 млн теңгеге шетел валютасындағы қарыздарды қайта қаржыландыру кезінде туындаған бағамдық айырма сомалары бойынша талаптарды өтеді.

## 2-БӨЛІМ

Бағдарламаның 2-бөлімі бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 114,74 млн теңге өтемақы сомасына 16 057 қарыз қайта қаржыландырылды. 2025 жылы Бағдарламаның 2-бөлімі бойынша 5,75 млрд теңге сомасына 283 қарыз қайта қаржыландырылды, жалпы сомасы 99,5 млн теңгеге қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген мемлекеттік баж сомалары бойынша талаптар өтелді.

## 2,1-БӨЛІМ

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2-1-бөлім бойынша 108,9 млрд теңге сомасына 10 305 ипотекалық қарызға қосымша көмек көрсетілді. 2025 жылы 2-1-бөлім бойынша 15,5 млрд теңге сомасына 1 019 қарыз, оның ішінде 14,5 млрд теңге сомасына 962 ХЭОТ қарызы бойынша қосымша көмек көрсетілді. 2025 жылы жалпы сомасы 42,4 млн теңгеге қарыз алушылардың/кепілгердің/кепіл берушінің заңды күшіне енген сот актілерінде көрсетілген мемлекеттік баж сомалары бойынша талаптар өтелді.

Жалпы сомасы 436,3 млрд теңгеге 59 552 қарыз қайта қаржыландырылды, салымдарға орналастыру сомасы - 288,6 млрд теңге.

# ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

2018 жылы ҚРҰБ Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Жолдауында айтылған "Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру" атты бірінші бастамасының міндеттерін іске асыру мақсатында "7-20-25" бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітті, оның шеңберінде азаматтарға бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарыздары беріледі.

2024 жылғы 30 қазанда ҚРҰБ Басқармасының № 65 қаулысымен Қордың ЕДБ-ден 2025 жылы берілетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алуы үшін 100 млрд теңгеге дейінгі, бірақ тоқсанына 25 млрд теңгеден аспайтын сомада қаржыландырудың шекті көлемі айқындалды.

## Бағдарламаның негізгі талаптары:

ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша сыйақының жылдық номиналды мөлшерлемесі - жылдық 7%;

бастапқы жарна кепілмен қамтамасыз ету құнының 20%-ы мөлшерінде айқындалды;

ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі - 25 жылға дейін.

2025 жылғы 26 қыркүйекте ҚРҰБ Басқармасының №59 қаулысымен Бағдарламаға соңғы 6 (алты) айда үздіксіз табыстың болуы бөлігінде, сондай-ақ сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құнын ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді:

Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны:

30 млн теңге - Астана, Алматы қалалары және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралар шегіндегі қала маңы аймақтары, сондай-ақ Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін (2025 жылғы 26 қыркүйекке дейін 25 млн теңге);

25 млн теңге - Қарағанды қаласы үшін (2025 жылғы 26 қыркүйекке дейін 20 млн теңге);

20 млн теңге - басқа өңірлер үшін (Түркістан қаласын қоспағанда, 2025 жылғы 26 қыркүйекке дейін 15 млн теңге).

Банктерден ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды қаржыландыру үшін Қор борыштық бағалы қағаздар шығаруды және қор нарығында инвесторлардың шектеусіз тобы арасында орналастыруды жүзеге асырады және (немесе) қаржыландырудың өзге де көздерін пайдаланады.



2025 жылы "7-20-25" бағдарламасы шеңберінде келесідей 7 банк қарыз берді:

- "Банк ЦентрКредит" АҚ;
- "Bank RBK" АҚ;
- "Еуразиялық банк" АҚ;
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ;
- "Forte Bank" АҚ;
- "Altyn Bank" АҚ;
- "Фридом Банк Қазақстан" АҚ

2025 жылы Бағдарлама бойынша

**100 млрд теңгеге 5 562 кредит** берілді және  
**106 млрд теңге сомасына 5 935 қарыз** бойынша  
талап ету құқықтары сатып алынды.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері (2018 жылғы шілдеден бастап)  
2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлығы

**1 174,2 млрд теңге сомасына 83 155 кредит** берілді,

оның ішінде

**1 166,6 млрд теңге сомасына 82 894 қарыз** сатып алынды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың ипотекалық портфелі

**1 051,1 млрд теңгеден асып,**

ЕДБ ипотекалық тұрғын үй қарыздарының жиынтық портфелінің 15%-ын құрады.



Қордың 2025 жылғы ипотекалық портфелін талдауға сәйкес:

- сатып алынған тұрғын үйдің орташа құны – **17 млн теңге**;
- орташа ауданы – **60,7 ш.м.**;
- қарыздың орташа сомасы – **14,8 млн теңге**;
- "7-20-25" бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызының орташа мерзімі – **20,7 жыл**;
- ай сайынғы төлемнің орташа мөлшері – **107,5 мың теңге**;
- қарыз алушының портфель бойынша орташа табысы – **465,1 мың теңге**;
- "7-20-25" бағдарламасы бойынша қарыз алушының орташа жасы – ай сайынғы орташа табыспен **37,8 жыл – 413,2 мың теңге**, оның ішінде ай сайынғы табысы **442,0 мың теңге** болатын **36,6 жастағы** ер адамдар және айына **385,5 мың теңге** табысы бар **39,0 жастағы** әйелдер.

Ипотекалық бағдарламалар бойынша Қордың негізгі клиенті халықтың 25-тен 55 жасқа дейінгі жас санаты болып табылады - барлық нақты клиенттердің 90%-ынан астамы. 35 жасқа дейінгі қарыз алушылардың үлесі 42,8%-ды құрайды.

Осылайша, Қор операторы болып табылатын ипотекалық бағдарламалар шеңберінде алынған қарызды өтеуге қарыз алушы ай сайынғы табысының 23,1%-ын жұмсайды.

## ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ "7-20-25" БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЫЗДАР БЕРУ КӨЛЕМІ

| Өңір                       | 2025 жыл               |         |
|----------------------------|------------------------|---------|
|                            | Беру көлемі, млн теңге | үлес, % |
| Астана қ.                  | 42 420,6               | 42,4%   |
| Алматы қ.                  | 30 760,0               | 30,8%   |
| Шымкент қ.                 | 12 765,3               | 12,8%   |
| Қарағанды облысы           | 6 719,8                | 6,7%    |
| Алматы облысы              | 982,4                  | 1,0%    |
| Түркістан облысы           | 907,7                  | 0,9%    |
| Ақмола облысы              | 874,9                  | 0,9%    |
| Атырау облысы              | 820,8                  | 0,8%    |
| Ақтөбе облысы              | 725,3                  | 0,7%    |
| Жамбыл облысы              | 652,4                  | 0,7%    |
| Қостанай облысы            | 364,3                  | 0,4%    |
| Абай облысы                | 337,0                  | 0,3%    |
| Павлодар облысы            | 320,4                  | 0,3%    |
| Батыс Қазақстан облысы     | 285,9                  | 0,3%    |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 279,9                  | 0,3%    |
| Маңғыстау облысы           | 243,2                  | 0,2%    |
| Қызылорда облысы           | 208,2                  | 0,2%    |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 200,6                  | 0,2%    |
| Ұлытау облысы              | 88,1                   | 0,1%    |
| Жетісу облысы              | 43,3                   | 0,0%    |

Банктер "7-20-25" бағдарламасы аясында бір жылда 100 млрд теңге сомасына 5 562 қарыз берді.

# ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІГІНЕ ЖЕҢІЛДІКТІ КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ҚРҰБ арасындағы 2019 жылға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімде көзделген шараларды іске асыру мақсатында ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 79 қаулысымен Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы (бұдан әрі - Жеңілдікті автокредит беру бағдарламасы) бекітілді.

## Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы шеңберінде қарыз алушыларға автокредит беру параметрлері:

- номиналды сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 4,0%-дан аспайды;
- автокредит беру мерзімі - 7 жылдан аспайды;
- қарыз валютасы - теңге;
- сатып алынатын автокөліктің ең жоғары құны - 15 млн теңгеден аспайды.

ҚРҰБ Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 56 қаулысымен Жеңілдікті автокредит беру бағдарламасының күші жойылды және қолданыстағы автокредиттерді өтеуден түскен қаражат есебінен автокөлік сатып алушыларға әрі қарай кредит беру (револьверлік тетік) келісілді.

Автокөлік сатып алушыларға револьверлік тетік бойынша кредит беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2025 жылы 12,6 млрд теңгеден астам сомаға 1 295 қарыз берілді.

Жалпы бағдарлама бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қазақстандықтар жеңілдікті талаптарда жалпы сомасы 102,2 млрд теңгеге 14,5 мыңға жуық отандық автомобиль сатып алды.



# ТИІМДІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚОР ҚҰРУ



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК


Қордың миссиясы - халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және ҚРҰБ стратегиялық міндеттері шеңберінде бизнес дамытуды қолдау. Миссияға сәйкес корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік маңызды этикалық қағидат болып табылады және Қор қызметкерлерінің қызметін жүзеге асыруда, шешім қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік жауапкершілік қағидаттары Қор жұмысының барлық бағыттарында көрініс табады. Халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және экономиканың дамуын қолдау жөніндегі миссияны іске асыра отырып, Қор қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, қарыз алушылардың жалғыз тұрғын үйін сақтап қалу мақсатында ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру, азаматтардың қаржылық тұрақтылығына жәрдемдесу және экономикалық өсуді қолдау сияқты маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге тікелей ықпал етеді. Осылайша, әлеуметтік жауапкершілік Қордың күнделікті жұмысының ажырамас бөлігіне айналады, сондай-ақ сыртқы және ішкі процестерде көрінеді.

Қор бос жұмыс орындарына үміткерлер үшін бірдей мүмкіндіктер береді, қызметкерлерге лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді, әрбір қызметкерге өз білімін қолдануға, дағдыларын дамытуға және біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ еңбек заңнамасы талаптарының сақталуын, оның ішінде шиеленісті жағдайларды шешу кезінде сақталуын қамтамасыз етеді.

2025 жылы Қордың бос жұмыс орындарына 19 қызметкер қабылданып, қызметкерлердің өз бастамасымен 8 еңбек шарты бұзылды. 2 қызметкер жүктілігі мен босануы бойынша демалысты және әрі қарай бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалысты ресімдесе, 1 қызметкер бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалысты ресімдеді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор қызметкерлерінің саны 96 адамды, тізімдік саны 99 адамды құрады.



### Гендерлік айырмашылық бойынша:

ер қызметкерлер – 50 адам (52%).  
әйел қызметкерлер – 46 адам (48%).




### Қызметкерлердің орташа жасы - 42 жас:

30 жасқа дейін – 6 қызметкер (6%).  
30 – 49 жас – 73 қызметкер (76%).  
50 жас және одан жоғары – 17 қызметкер (18%).

# ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша



## ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ҚОРЫ

Қор қызметкерінің лауазымдық жалақысының мөлшері жүктелген лауазымдық міндеттерге, жауапкершілік деңгейіне, біліктілігіне және қажетті біліміне қарай белгіленеді.

Қор қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу лауазымдық жалақының, қызметкерлердің еңбек тиімділігін ынталандыруға арналған сыйлықақының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өзге де қосымша ақының төленуін қамтиды.

Қор қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қаржылық көмекті - Қор актілерінде белгіленген төлемдерді және ауырған жағдайда қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыруды көздейді. Бұл талаптар барлық қызметкерлерге қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс беруші арасындағы ықтимал келіспеушіліктерді шешу үшін Қорда тараптардың әрқайсысынан екі адамнан, яғни қызметкерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің тең санынан тұратын келісу комиссиясы жұмыс істейді.

Қызметкерлердің тарапынан есепті кезеңде еңбек құқықтарының бұзылғаны туралы шағымдар (өтініштер) тіркелген жоқ.

## ҚОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ҮШІН МЫНАДАЙ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ:

- қызметкерлердің жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті негізгі құзыреттерін дамытуға бағытталған ішкі оқыту, 11 "ҚОҚ білім" онлайн-вебинары, оның шеңберінде қызметкерлер Қор процестерінің өзгерістерімен немесе енгізілуімен танысты, әріптестерімен өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісті;
- біліктілікті арттыруға және кәсіби білімді жетілдіруге (16 қызметкер қатысқан 6 курс), кәсіби құзыреттерді дамытуға (21 қызметкер қатысқан 1 тренинг) бағытталған сыртқы оқыту.

Қор қызметкерлерін дамыту мақсатында басшылардың басқарушылық құзыреттіліктерін және басшылық емес лауазымдарды атқаратын қызметкерлердің корпоративтік құзыреттерін дамыту деңгейін жыл сайын бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша бір жылға дамудың жеке жоспарлары жасалды.

Негізгі лауазымдарға кадр резервін қалыптастыру мақсатында бөлімшелер басшыларының лауазымдарына мирасқорлар айқындалды.

# ІСКЕРЛІК ӘДЕП

Қордың Корпоративтік әдеп кодексі корпоративтік мәдениетті қолдауға және тәрбиелеуге, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да Қордың барлық қызметкерлері өз жұмысында басшылыққа алатын басты құндылықтарды, қағидаттар мен қағидаларды бекітуге бағытталған.

Корпоративтік мәдениеттің негізі Қор қызметкерлерінің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің бірлігін қалыптастыратын корпоративтік құндылықтар болып табылады. Қордың корпоративтік құндылықтарын нығайту үшін 2025 жылы "ҚОҚ People" ішкі журналының 4 шығарылымы басылды, онда Қордың дамуына қосқан үлесі, жетістіктері мен табыстары, Қордың корпоративтік құндылықтарын түсіну, сондай-ақ олардың жұмыстағы көрінісі және әріптестерімен қарым-қатынасы туралы әңгімелеген Қор қызметкерлерімен сұхбаттар жарияланды.



## ҚОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КОРПОРАТИВТІК ӘДЕПТІҢ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ НОРМАЛАРЫН ҰСТАНАДЫ:

- ▶ кәсіптік қызметте Қазақстан Республикасы заңнамасының, Кодекстің нормаларын, этикалық стандарттарды және корпоративтік әдептің жалпы қабылданған нормаларын сақтау, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін және Қордың қызметіне қатысты өзге де құжаттарды орындау;
- ▶ Қордың мүдделерін білдіру және қорғау, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге өзінің еңбек үлесін қосу, өз жұмысының сапасы мен нәтижелері үшін дербес жауапты болу;
- ▶ Қордың және Жалғыз акционердің мүддесінде әрекет ете отырып, жанжалдарды болдырмай, кәсіби функцияларды парасатты және адал орындау;
- ▶ мәртебесіне және атқаратын лауазымына қарамастан, осы Кодексте белгіленген міндеттемелердің орындалуына жауапты болу;
- ▶ Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни және өзге де нанымдарына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген басқа мән-жайлар бойынша трайбализм мен кемсітушілік көріністеріне жол бермей, әріптестері мен басқа да адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- ▶ Қор қызметкерлері арасындағы жанжалды жағдайлардан аулақ болу;
- ▶ кез келген жалған мәліметтерді (Қордың басқа қызметкерлеріне қатысты үшінші тұлғалардың нақты емес деректеріне немесе көрінеу дұрыс емес, қасақана жалған мәліметтерге негізделген біреу немесе бірдеңе туралы қауесет) таратпау;
- ▶ қарапайымдылық таныту, лауазымдық міндеттерді орындау кезінде Қордың мүдделерін басшылыққа алу, қызметтік жағдайдың жеке мақсаттарға мүдделілігі мен пайдаланылуын болдырмау, Қордың материалдық және материалдық емес активтерін/игіліктерін иемденуді өрескел деп санау;
- ▶ Қор басшысына Қормен байланысты мәмілелердегі, шарттардағы, жобалардағы немесе белгіленген тәртіппен өзге де мәселелерге байланысты кез келген жеке коммерциялық немесе басқа да мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлау;
- ▶ мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;
- ▶ заңнаманың және Қордың ішкі құжаттарының талаптарында көзделген құпиялылық нормаларын сақтай отырып, бір-біріне дұрыс ақпаратты уақтылы ұсыну;
- ▶ Қордың басқа қызметкерлерінің жеке немесе кәсіби қасиеттерін олар болмаған кезде талқыламау;
- ▶ жасырын мақсатқа қол жеткізу үшін ешқандай қастық әрекет бастамау, сондай-ақ оларға қатыспау немесе адамдарды басқаша түрде басқаруға тырыспау;
- ▶ Қордың қызметкері ретінде еңбек шартына сәйкес өзінің ресми лауазымына ғана сілтеме жасау.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекел-менеджмент саласындағы Қорды басқару жүйесі Қор қызметінің сипаты мен ауқымдылығына, олар қабылдайтын тәуекелдер бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ одан әрі даму қажеттіліктеріне жауап беретін біртұтас жүйені қалыптастыруға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесінің стратегиялық мақсаттары тәуекелдерді уақтылы анықтауға, барлық факторларды сапалы бағалауға және ықтимал әсерді азайту мақсатында кешенді әрекет етуге негізделген.

Қорда тәуекелдерді басқару тұрақты әрі үздіксіз процесс болып табылады және алқалы уәкілетті органдарды, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

**Тәуекелдерді басқару жүйесін құру кезінде Қор 3 қорғаныс желісін қарастырады:**



Қор тәуекелдерінің туындауына және іске асырылуына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты уақтылы анықтау және екінші желіге жеткізу жауапкершілігіне кіретін Қордың барлық қызметкерлері мен бөлімшелері. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құзыреттер шеңберінде бөлімшеде тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады;

**1-желі**



функционалдық жауапкершілік шеңберінде орындалған және әлеуетті тәуекелдерді бағалауға, мониторингтеуге, азайтуға жауапты тәуекелдер бөлімшесі. Заң бөлімі Қордың құқықтық тәуекелдерін басқаруға жауапты. Комплаенс-бақылаушы комплаенс-тәуекелді басқару бөлігінде Қордың қызметін үйлестіруге жауапты болады;

**2-желі**



тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайтын ішкі аудит қызметі.

**3-желі**

## ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Қордың орналастырылған активтері бойынша сыйақы мөлшерлемелері белгіленген және Мемлекеттік бағдарламалармен регламенттелген. Қордың пайыздық міндеттемелері орналастырылған облигациялармен ұсынылған, онда сыйақы мөлшерлемелері орналастыру сәтінде нарықпен анықталады.

TONIA мөлшерлемесін 1%-ға ұлғайту кезіндегі пайыздық тәуекел купондық сыйақыны төлеу бойынша шығыстардың ұлғаюы түрінде жылына 2,1 млрд құрайды, бұл 2025 жылғы пайыздық пайданың 5,5%-ын құрайды және елеулі тәуекел келтірмейді. Пайыздық тәуекел бойынша ГЭП позициясы бойынша белгіленген лимиттер сақталады.

Өтімділік тәуекелі теңгерімсіз өтімділік тәуекелі, жеткіліксіз немесе артық өтімділік тәуекелі ретінде анықталады. Өтімділік тәуекелін басқару тәуекел деңгейін бақылауға және шектеуге әкеледі. Өтімділік тәуекелінің деңгейін бақылау және шектеу мынадай құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады:




өтімділік резервтерінің  
лимиттерін белгілеу және  
бақылау



өтімділіктің ішкі  
нормативтерін  
(коэффициенттерін)  
белгілеу  
және бақылау;



бақылау уақыт  
аралықтарының  
коэффициенттерін белгілеу



өтімділік тапшылығын  
болжау

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтімділік коэффициенті және жиынтық ГЭП барлық уақыт аралықтарында оң аймақта болады. Өтімділік тәуекелі бойынша белгіленген лимиттер сақталады. Өтімділікті тиімді басқарудың арқасында Қор іс жүзінде бұл тәуекелге ұшырамайды.

## КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекел активтің құнын төмендету нәтижесінде, оның ішінде кредит бойынша қамтамасыз етуді сатудан түскен ақша ағындарын бағалауды ескере отырып, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір ықтималдықпен орын алуы мүмкін және барынша күтілетін шығынды білдіреді.

Қор ай сайынғы негізде провизияларды барабар қалыптастыру үшін активтерді кредиттік тәуекелге ұшырау дәрежесі бойынша саралайды. Кредиттік тәуекел деңгейін мониторингтеудің тұрақты мәндері кредиттік рейтингтер және Қор контрагенттерінің төлем тәртібі болып табылады. Қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек жоқ.

Берешегі бір және одан да көп күнге кешіктірілген Қордың сатып алынған талап ету құқықтары бойынша мерзімі өткен портфель коэффициенті 2025 жылдың соңына 1,09%-ды құрады, мерзімі өткен орташа мерзім 25 күнді құрады. 30-дан 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек портфелі 2,9 млрд теңгені немесе барлық ипотекалық портфельдің 0,3%-ын құрады, 90 күннен аса мерзімі өткен берешек жоқ.

Қаржы активтері бойынша провизиялардың деңгейі 4,95%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған талап ету құқықтары бойынша – 0,001%, ал қаржылық инвестициялар бойынша - 8,18%.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Операциялық тәуекел Қор қызметкерлері мен бөлімшелерінің барабар емес немесе қате ішкі процестерінен, іс-қимылдарынан немесе сыртқы оқиғалардан болған тікелей немесе жанама шығындар тәуекелі ретінде айқындалады.

Операциялық тәуекелдердің деңгейін басқару, айқындау және өлшеу, сондай-ақ оны бағалау үшін мынадай негізгі құралдар пайдаланылады:

- ▶ тәуекелдер тіркелімі;
- ▶ операциялық тәуекелдер картасы («Loss database» дерекқоры);
- ▶ «Key Indicators of Operational Risk» операциялық тәуекелінің негізгі индикаторларын қолдану.

2025 жылдың қорытындылары бойынша операциялық тәуекелдер бойынша қаржылық зиян тіркелмеді.

## АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қорда ақпараттық қауіпсіздік жүйесін құрудың негізгі мақсаты цифрлық активтер мен ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты тәуекелдерді азайту, сондай-ақ ауытқушылықтың алдын алу, тұрақты мониторинг жүргізу, қауіпсіз процестерді құру арқылы тәуекелдің салдарын барынша азайту болып табылады.

2025 жылдың қорытындылары бойынша ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері бойынша оқыс оқиғалар тіркелмеді.

Қордың ақпараттық жүйелерімен байланысты тәуекелдер Қор қызметінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелер инфрақұрылымы, бағдарламалық жасақтама, технологиялар мен жабдықтар элементтерінің істен шығу немесе іркіліс тәуекелдерін қамтиды. Қордың ақпараттық жүйелері, киберқауіпсіздігінің бағдарламалық-аппараттық кешендері және олармен байланысты процестер Қордың, оның клиенттері мен контрагенттерінің ақпаратының тұтастығын, қолжетімділігін, дұрыстығын және құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2025 жылдың қорытындылары бойынша ақпараттық технологиялардың тәуекелдеріне байланысты қаржылық зиян тіркелмеді.

## ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Қор қызметінің үздіксіздігін басқарудың негізгі мақсаты төтенше оқиғалардың туындауы нәтижесінде бизнес-процестерді тоқтату оқиғаларынан туындайтын жағымсыз операциялық, қаржылық, құқықтық, беделдік және басқа да салдарларды барынша азайту болып табылады.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесі Қордың сыни бизнес-процестерінің қалыпты жұмыс істеу барысы бұзылған жағдайда қызметтің қалпына келтірілуін және жалғастырылуын басқаруды, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесін өзекті жағдайда ұстап тұру мақсатында оқыту, тестілеу, талдау және жақсарту арқылы қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестерін басқаруды қамтиды.

2025 жылдың қорытындылары бойынша қызметтің үздіксіздігі бойынша оқыс оқиғалар тіркелмеді.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ

Ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ІБЖ) – Директорлар кеңесі, алқалы органдар, құрылымдық бөлімшелер және Қордың барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде жүзеге асыратын күнделікті қызметке кіріктірілген процесс.

01

### Бақылау ортасы

– бұл бүкіл Қор бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін базаны қамтамасыз ететін процестер кешені;

02

### Тәуекелдерді бағалау

– Қордың мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіретін тәуекелдерді анықтаудың, сәйкестендірудің және бағалаудың серпінді әрі үздіксіз процесі;

03

### Бақылау әрекеттері

– бұл Қордың мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін тәуекелдерді рұқсат етілген деңгейге дейін төмендетуге бағытталған, процестерге кіріктірілген іс-шаралар кешені;

04

### Ақпарат және коммуникациялар

– Қордың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті ақпаратты жинаудың, бөлісудің, берудің үздіксіз процесі;

05

### Мониторинг

– бұл процестерге кіріктірілген немесе ІБЖ компоненттерінің болуын немесе жұмыс істеуін үздіксіз жеке бағалау.

Тиімді ішкі бақылау тиісті бақылау ортасын қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі, ІБЖ барлық бес компонент болған және жұмыс істеген кезде тиімді болады. Жыл сайын Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құрайтын қағидаттар мен тезистердің орындалуын растау мақсатында Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі 46 тезисті қамтитын 20 қағидаттан тұрады. ІБЖ 18 қағидаттан тұрады. Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің барлық компоненттері Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу, миссиясын орындау және стратегиясын іске асыру үшін болуы және тиімді жұмыс істеуі қажет. 2025 жылы Қордың қызметін ұйымдастыру бөлігінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі "Тиімді" деп бағаланды.

## КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

Комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын сақтамау салдарынан Қоғамда қаржылық шығындардың туындауы және оған санкциялар қолдану сияқты комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуды және/немесе қолайлы деңгейде ұстап тұруды қамтамасыз ету болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді басқару шеңберіндегі негізгі міндеттер:

- Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қоғамның ішкі қағидалары мен рәсімдерінің талаптарына сәйкестігіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;
- Қоғам жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін Қоғам тәуекелдерін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру;
- бизнес-процестерді іске асыру кезінде, оның ішінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде және Қоғам операторы болып айқындалған бағдарламаларды Қоғам іске асырған кезде комплаенс-тәуекелді, оның ішінде беделін жоғалту тәуекелін барынша азайту;
- мүдделер қақтығысын басқару;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік әдеп кодексінің және өзге де ішкі регламенттеуші құжаттарының ұжымда да, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл кезінде де, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта да сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қамтитын талаптарын сақтау;
- инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану жөніндегі талаптарды сақтау;
- Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс-тәуекелді басқару үшін Қоғам бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

2025 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның қызметінде комплаенс-тәуекелдер тіркелмеді.



## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қор ішкі процестерді автоматтандыру мен цифрландыру және өз қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін арттыру бойынша жұмыстарды ұдайы жүргізеді. 2025 жыл ішінде бизнестің талаптарына және Қордың қызметін қозғайтын өзгерістерге сәйкес Қордың процестерін жетілдіру және оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Ішкі бизнес-процестерді қағаз құжат айналымынан электрондық форматқа көшіру бойынша жұмыс жалғастырылды. Қолданыстағы процестерді автоматтандыру және оңтайландыру бойынша 28-ден астам міндет іске асырылды, бұл операциялық міндеттерді орындаудың тиімділігін арттыруға, жұмсалатын уақытты қысқартуға мүмкіндік берді, оның ішінде ішкі регламенттеуші құжаттардың, сот істері тізілімінің электрондық есебі әзірленді, операциялық тәуекелдердің негізгі индикаторлары жинақталды және талданды.

Қоғамның ақпараттық ресурстары қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын болдырмау жөніндегі негізгі міндеттер мен бағыттар әзірленіп, іске асырылуда. Көрсетілген міндеттер ішкі нормативтік құжаттарда ақпараттық қауіпсіздік процестерін регламенттеу, сондай-ақ аппараттық, ақпараттық және желілік ресурстарды қорғау құралдарын енгізу арқылы орындалады.

## БЕДЕЛ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ САЯСАТЫ

Қор өзін Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға ықпал ететін ашық және транспарентті қаржы институты ретінде көрсетеді. Корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес Қор беделін нығайту мақсатында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Азаматтардың Қор қызметі туралы хабардар болуының жоғары деңгейі Қордың жағымды беделін қалыптастыруға және жұртшылық тарапынан сенімнің артуына ықпал етеді.

2025 жылы Қор баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, есептерді, БАҚ сұратуларына жауаптарды жариялау, ресми [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz) интернет-ресурсында, Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, call-орталық және халықтың электрондық өтініштерін қабылдауға және өңдеуге арналған "eOtinish" ресми сайты арқылы азаматтардың өтініштері бойынша түсіндіру арқылы клиенттер, халық, жұртшылық, сараптамалық қоғамдастық арасында компанияның қызметі туралы белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

2025 жылдың қорытындылары бойынша БАҚ пен әлеуметтік желілерде Қор туралы 7,8 мыңнан астам жарияланым жарық көрді.

Қор азаматтардың колл-орталық және әлеуметтік желідегі ресми аккаунттары арқылы 2 930 өтінішін өңдеді.

Қордың бедел индексі (оң және бейтарап жарияланымдардың жалпы жарияланымдар санына арақатынасы) 99,7%-ды құрады.

Қор өкілдерінің түсіндірмелері баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидар мен радио арқылы жарияланды. Қор барлық мүдделі тараптарға ашылуға жататын ақпараттың өзекті тізбесін қамтитын Ақпаратты ашу қағидалары шеңберінде жұмыс істейді.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа оның кез келген нысандары мен көріністерінде, оның ішінде өзінің контрагенттерімен (іскер әріптестерімен және олардың өкілдерімен), сондай-ақ мемлекеттік органдармен және олардың қызметкерлерімен, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде барынша төзімділік танытады.

Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатының бағыттарын айқындау және Қор қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу үшін Директорлар кеңесі "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын (2022 жылғы 31 қаңтардағы № 1 шешім) әзірледі және бекітті.

Қордың әлеуетті кандидаттары мен қызметкерлеріне мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық көріністері, қаржылық тәртіп және өзге де комплаенс бағалауды жүргізу рәсімі енгізілді. Көрсетілген рәсімді енгізу шеңберінде «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында әлеуетті кандидаттар мен қызметкерлерге комплаенс бағалау жүргізу тәртібі әзірленіп, Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылды (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 23 қазандағы № 13 шешімімен бекітілген).

Сатып алу мониторингін жүргізу шеңберінде Комплаенс-бақылаушы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді. 2025 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 11-бабының нормаларын ескере отырып, Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша МКБ маманының қатысуымен Қор қызметкерлері үшін 2024 жылға декларация (270.00 нысан) тапсыру мәселелері бойынша оқыту өткізілді.



## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қор барлық мүдделі тараптармен тұрақты, ашық және диалогтық негізде қарым-қатынас орнатуға тырысады.

Қоғамда, оның ішінде мүдделі тараптардың картасын құруды қамтитын орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жұмыс істейді. Қордың мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі мүдделі тараптардың картасында баяндалған.

Мүдделі тараптардың картасы Қорға елеулі әсер ететін сыртқы тараптармен де, ішкі мүдделі тараптармен де сындарлы қатынастар құру мақсатында мүдделі тараптарды сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қоғам тәуекелдерді ескеру және оларды тікелей немесе жанама тәуелділікті, міндеттемелерді, жағдайды, ықпалды және басқа да әртүрлі перспективаларды ескере отырып саралау арқылы мүдделі тараптардың картасын жасайды.

Қордың мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы туралы толығырақ ақпаратпен мына сілтеме бойынша танысуға болады:  
<https://kfu.kz/vzaimodejstvie-s-zainteresovannymi-storonami/>

# ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЙҚЫНДАУ



# ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ КЕЛЕСІДЕЙ ҮШ ҚҰРАУШЫ АСПЕКТ БОЙЫНША АЙҚЫНДАУ: ЭКОНОМИКА, ЭКОЛОГИЯ, ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

(ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ КЕЗІНДЕ IIRC ЖӘНЕ SASB ӘДІСНАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, GRI ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ).

## Қордың орнықты дамуға және қаржылық емес ақпаратқа көзқарасы

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы орнықты дамуды корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесінің элементі ретінде қарастырады.

Жылдық есепті дайындау шеңберінде Қор KASE қор биржасында орналастырылған бағалы қағаздардың эмитенті ретінде Қор қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған қаржылық емес қызметтің жекелеген аспектілерін ашуды жүзеге асырады.

## GRI стандарттарын қолдану туралы мәлімдеме


«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының 2025 жылғы жылдық есебі GRI-referenced форматында Global Reporting Initiative (GRI Standards) стандарттарының жекелеген қағидаттары мен көрсеткіштерін пайдалана отырып дайындалды.

Есеп GRI стандарттарына толық сәйкестігі туралы мәлімдемейді, сондай-ақ ҚРҰБ еншілес ұйымының мәртебесін және квазимемлекеттік сектордағы қызмет ерекшелігін ескере отырып, Қордың қызметіне қатысты жекелеген көрсеткіштерді ашуды қамтиды.

Қаржылық емес ақпаратты ашу Қоғам қызметінің ашықтығын арттыруға және инвесторлар мен өзге де мүдделі тараптарды хабардар етуге бағытталған.

## Қор қызметінің негізгі қаржылық емес аспектілері

Қор қызметінің сипатын ескергендегі негізгі қаржылық емес аспектілер:



## GRI (GRI-REFERENCED) ЖЕКЕЛЕГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН АШУ

### «ЭКОНОМИКА» САЛАСЫ

#### 7.1 GRI 205-1: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа нөлдік шыдамдылық қағидатын ұстанады. Қоғамның қызметі іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті 2025 жылы Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ. Тәуекел топтарына жататын қызметкерлердің 100%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытудан өтті.

## 7.2 GRI 206-1: Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық

Есепті кезеңде Қорға қатысты бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, сондай-ақ монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты сот талқылаулары мен санкциялар жағдайлары тіркелмеген.

## «ЭКОЛОГИЯ» САЛАСЫ

### 7.3 GRI 302-1: Энергия тұтыну

2025 жылы энергияны тұтыну шығыстары Қоғамның барлық коммуналдық төлемдерінің 73%-ын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1%-ға жоғары.

Жалпы 2025 жылдың қорытындылары бойынша Қордың электр энергиясы, сумен жабдықтау және жылыту шығыстары 8 367,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:



### 7.4 GRI 303-3: Су алу

2025 жылы Компания жер үсті немесе жер асты көздерінен су алуды жүзеге асырмады.

## 7.5 GRI 303-5: Су тұтыну

Компания үшін «Суды тұтыну» көрсеткіші сырт жеткізушілерден алынған және негізінен шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін қызмет процесінде пайдаланылған судың көлеміне тең. Компанияның қызметі суды қажетсінетін өндірістік процестермен байланысты емес және қызметін су тапшылығының деңгейі жоғары аудандарда жүзеге асырмайды.

## 7.6 GRI 305-1: CO<sub>2</sub> шығарындылары

Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық жағдайға елеулі ықпалын тигізбейді, әйтсе де Қор қандай да бір әсер етуі мүмкін салаларда қоршаған ортаны қорғау үшін барынша күш салады.

Қор өз қызметінің әуе, су ортасы мен жерге жағымсыз салдарларын төмендету бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізеді, мүмкіндіктер мен экономикалық орындылық болған жағдайда ресурстарды үнемді пайдалануға тырысады, оның ішінде:


- энергия үнемдейтін жабдықтарды, шамдарды және басқа да шешімдерді адам және қоршаған орта үшін қауіпсіз кәдеге жарату мүмкіндігі болған кезде пайдалану;
- тек сертификатталған ("жасыл") жабдықты пайдалану қағидатын сақтау;
- принтерлер мен көшірмелеу машиналары үшін картридждер толтыруды пайдалану (жаңаларын пайдаланудың орнына) не оларды кейіннен толтыру мақсатында өткізу;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды басқару: төтенше жағдайлардың теріс салдарын болдырмау жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлеу және дайындау;
- жанармайды үнемді пайдалануды және атмосфераға зиянды шығарындылардың төмен деңгейін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсері төмен көлікті пайдалану;
- офистерде қоршаған ортаға барынша аз зиян келтіретін сертификатталған кондиционерлерді ғана орнату;
- TSF (хлорсыз ағарту) және ECF технологиясы бойынша сертификатталған қағазды (мысалы, FSC) және хлорсыз өндірілген қағазды пайдалану.



## ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

### 7.7 GRI 401-1: Кадрларды жұмыспен қамту және олардың тұрақтамауы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор қызметкерлерінің нақты саны 96 адамды, тізімдік саны 99 адамды құрады. Бұл ретте есепті кезеңде:



Қоғамның кадр саясаты қызметкерлердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, еңбек заңнамасын сақтауға және қызметкерлердің кәсіби деңгейін қолдауға бағытталған.

## 7.8 GRI 403-9: Өндірістік жарақаттану

2025 жылы «LTIFR», «TRIR» жарақаттану коэффициенті 0-ді құрады, бұл әкімшілік, офис секторларындағы және бизнес-қызметтердегі жарақаттану деңгейінің төмендігіне сәйкес келеді, сондай-ақ жұмыста өлім-жітім оқиғалары болған жоқ.

Қоғамның барлық қызметкерлері 2025 жылдың қорытындылары бойынша еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша міндетті оқытудан өтті.

## 7.9 GRI 404-1: Қызметкерлерді оқыту және білім беру

Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағатының орташа саны 13,15 сағатты құрады. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компания қызметінің міндеттеріне сәйкес қызметкерлердің білімі мен дағдыларының қажетті деңгейін қолдау үшін қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кәсіби әрі басқару құзыреттерін дамыту бағдарламаларын іске асырады.

Оқыту қызметкерлердің барлық санаттарын қамтиды және оқытудың міндетті түрлері мен кәсіптік даярлықты қамтиды.

## 7.10 GRI 405-1: Әртүрлілік және теңдік

Компания еңбек қатынастарын жүзеге асыру және қызметкерлерді басқару кезінде тең мүмкіндіктер мен кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын ұстанады. Кадр құрамын қалыптастыру жынысы мен жасы бойынша шектеусіз қызметкерлердің кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің гендерлік және жас құрамы жөніндегі ақпарат «Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімінде көрсетілген (33-бет).

## 7.11 GRI 406-1: Кемсітпеушілік

Компанияның қызметкерлерді басқару саласындағы саясаты жынысына, жасына, ұлтына, діни сеніміне және өзге де белгілеріне қарамастан барлық қызметкерлерге тең көзқарасты көздейді.

Есепті кезеңде кемсітушіліктің расталған жағдайлары, сондай-ақ кемсітушілікке байланысты сот талқылаулары мен негізделген шағымдар Компанияда анықталған жоқ. Қоғам GRI-referenced форматын пайдаланады. Төмендегі кестеде Қоғамның жылдық есебінде сілтемелері бар GRI стандарттарының тізбесі бар.

## GRI стандарттарына сәйкестік кестесі

| GRI стандарты             | Көрсеткіш                                         | Жылдық есеп бөлімі                                           |
|---------------------------|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| <b>«Экономика» саласы</b> |                                                   |                                                              |
| GRI 205-1                 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл               | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.1-тармақ                    |
| GRI 206-1                 | Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық                  | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.2-тармақ                    |
| <b>«Экология» саласы</b>  |                                                   |                                                              |
| GRI 302-1                 | Энергия тұтыну                                    | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.3-тармақ                    |
| GRI 303-3                 | Су алу                                            | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.4-тармақ                    |
| GRI 303-5                 | Су тұтыну                                         | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.5-тармақ                    |
| GRI 305-1:                | CO <sub>2</sub> шығарындылары                     | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.6-тармақ                    |
| <b>Әлеуметтік сала</b>    |                                                   |                                                              |
| GRI 401-1                 | Кадрларды жұмыспен қамту және олардың тұрақтамауы | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.7-тармақ                    |
| GRI 403-9                 | Өндірістік жарақаттану                            | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.8-тармақ                    |
| GRI 404-1                 | Қызметкерлерді оқыту және білім беру              | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.9-тармақ<br>(33, 35-беттер) |
| GRI 405-1                 | Әртүрлілік және теңдік                            | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.10-тармақ                   |
| GRI 406-1                 | Кемсітпеушілік                                    | Тиімді және орнықты Қор құру / 7.11-тармақ                   |

## АҚПАРАТТЫ АШУҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ IIRC ЖӘНЕ SASB ТӘСІЛДЕРІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

Жылдық есепті дайындау кезінде Қор оның қызметінің сипаты мен ауқымына қолданылатын бөлігінде International Integrated Reporting Council (IIRC) интеграцияланған есептілік қағидаттарын және Sustainability Accounting Standards Board (SASB) ұсынымдарын қоса алғанда, корпоративтік ақпаратты ашудың үздік халықаралық практикаларына бағдарланады.

Қор қызметінің ерекшелігін, сондай-ақ ҚРҰБ-ның еншілес ұйымы мәртебесін ескере отырып, Қор IIRC және SASB стандарттарын ресми қолданатынын мәлімдемейді, оларды жылдық есептің құрылымы мен мазмұнын қалыптастыру кезінде әдіснамалық бағдарлар ретінде пайдаланады.



# ҚОРДЫҢ 2026 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН БАСТЫ МАҚСАТТАРЫ

2026

2025

2024

2023

2022




## ҚОРДЫҢ 2026 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН БАСТЫ МАҚСАТТАРЫ

Қор 2026 жылы мынадай негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатын алдына қояды, млрд теңгемен:

| Көрсеткіштер                                                                         | 2025 жылғы нақты дерек | 2026 жылға болжам |
|--------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|-------------------|
| Облигацияларды шығару және орналастыру арқылы қаржыландыруды тарту <sup>[1]</sup>    | 2 818                  | 3 184             |
| Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу <sup>[1]</sup> | 1 775                  | 1 874             |
| Бағдарламалық қаражатты қайтару                                                      | 331                    | 356               |

<sup>1</sup> Көрсеткіштер бағдарламаның бас кезінен өспелі қорытындымен көрсетіледі

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Қор өзінің корпоративтік басқару жүйесін Қор қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде, сондай-ақ оның қазіргі заманғы экономика мен жалпы қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде іске асырады.

Қорды корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы оның табысты дамуына, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты қолдауға ықпал етеді, сондай-ақ корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

### ҚОРДЫ БАСҚАРУДЫ МЫНАДАЙ ОРГАНДАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:

**Жоғарғы орган:**  
Жалғыз акционер

**Басқару органы:** <sup>[1]</sup>  
Директорлар кеңесі

**Атқарушы орган:**  
Басқарма

Қор органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың Жарғысымен және Қордың ішкі құжаттарымен регламенттелген.

[1] Директорлар кеңесінің жанынан мынадай комитеттер құрылған:

- Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақы мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет;
- Аудиторлық комитет.



## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері - ҚРҰБ.

ҚРҰБ Қорды басқаруға Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру және Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету арқылы қатысады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді белгіленген тәртіппен осындай шешімдер қабылдауға құқығы бар жалғыз акционердің лауазымды тұлғасы қабылдайды.

Жалғыз акционердің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. 2025 жылы Жалғыз акционер өз құзыретіне кіретін 5 мәселені қарады және олар бойынша шешімдер қабылдады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қордың қызметіне жалпы басшылықты және Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде және Қордың Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тәртіппен қабылданады.

Директорлар кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2025 жылы Директорлар  
кеңесінің өткізгені

**16**  
отырыс

Барлығы қаралғаны және  
шешімдер қабылданғаны

**67**  
мәселе

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау және алдын ала мақұлдау кіреді. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі Қордың Корпоративтік басқару кодексімен және комитеттер туралы ережелермен реттеледі.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 13 шешіміне сәйкес құрылды. Директорлар кеңесі комитеттерінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2025 жылы Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақы мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет 14 отырыс өткізіп, онда 47 мәселені қарады. Аудиторлық комитет 2025 жылы 10 отырыс өткізіп, онда 27 мәселені қарады.


## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС (бұдан әрі - КПМГ) 2022-2024 жылдардағы Қордың корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізді.

Қордың корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша КПМГ есебі қаралып, Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№ 11 хаттама) назарға алынды және Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылды.

Есепке сәйкес Қордың корпоративтік басқару жүйесін бағалау ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарын, мемлекет қатысатын компаниялар үшін корпоративтік басқару жөніндегі ЭЫДҰ ұсынымдарын және корпоративтік басқарудың жетекші практикаларын ескере отырып әзірленген КПМГ әдіснамасына сәйкес жүргізілді. КПМГ бағалау нәтижелері бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі көптеген маңызды аспектілерде ҚР заңнамасының, Қордың ішкі құжаттарының және корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларының талаптарына сәйкес келеді деген қорытынды жасалды. Қордың корпоративтік басқару жүйесі әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген. Басқару ұлттық заңнаманың талаптарын, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы қазіргі үздік практикаларды ескере отырып жүзеге асырылады. Жүйе жетілудің жоғары деңгейін көрсетеді және бақылау мен стратегиялық қадағалаудың тұрақты тетіктерімен сипатталады.

Бағалау корпоративтік басқару жүйесінің төрт құрамдас бөлігі бойынша жүргізілді, олар бойынша мынадай нәтижелер ұсынылды:



Қордағы корпоративтік басқарудың қорытынды рейтингі **93%**

Қордың корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында КПМГ үздік тәжірибелерін ескере отырып, ұсынымдар берілді, оларды іске асыру үшін Қоғам Басқармасы Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (2025 жылғы 7 тамыздағы № 26 хаттама) бекітті.

Іс-шаралардың орындалу мерзімі 2025 жылдың 3-тоқсанынан бастап 2026 жылдың соңына дейін белгіленді.

## БАСҚАРМА

Басқарма Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Қордың алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қордың Жарғысында Қордың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған қызметтің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. 2025 жылы Басқарма 47 отырыс өткізді. Барлығы 150 мәселе қаралып, шешім қабылданды.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару практикасының сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау мақсатында Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысын Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған орта мерзімді және жылдық аудиторлық жоспарлар негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсынымдар тұрақты негізде Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2025 жылы Ішкі аудит қызметі 9 тексеру жүргізді, 7 тексеру нәтижесі бойынша түзету іс-шараларының жоспары бекітілді.

Жыл сайын Ішкі аудит қызметі Қордың бекітілген ішкі құжаттарының негізінде корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалауды жүргізеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есеп шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Корпоративтік басқарудың 2025 жылғы тиімділігі «Тиімді» деп айқындалды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Қордың корпоративтік басқару саласындағы саясатын регламенттейтін Қордың негізгі ішкі құжаты Қордың Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 12 қарашадағы № 4 шешімімен бекітілген Қордың Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) болып табылады.

Онда мынадай қағидаттар бекітілген:

- өкілеттіктерді ажырату қағидаты;
- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқаруы қағидаты;
- орнықты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты.

Қор Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтайды, бұл туралы келесідей қысқаша ақпарат беріледі.



## ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ АЖЫРАТУ ҚАҒИДАТЫ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Қордың Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы туралы ережелерде айқындалады.

ҚРҰБ Жалғыз акционер ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана Қорды басқаруға қатысады.

Қорда оның тиісті органдарының мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясы сақталады, Қордың органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік ажыратылады.

Шешімдерді Қордың органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес оларға берілген құзырет шеңберінде қабылдайды.

Есепті кезеңде мемлекеттік органдар тарапынан Қордың жедел (ағымдағы) қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген араласу жағдайлары болмады.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҚАҒИДАТЫ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционердің осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар лауазымды тұлғасы белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Жалғыз акционердің барлық шешімдері жазбаша түрде ресімделеді. Қордың қызметі туралы ақпарат, оның ішінде Қордың қаржылық және өзге де есептілігі Жалғыз акционерге уақтылы беріледі.

Жалғыз акционердің сұратуларына жауаптар Қордың Жарғысында немесе тиісті сұратуда белгіленген мерзімде беріледі. Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер міндетті түрде Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ҚОРДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУЫ ҚАҒИДАТЫ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында 2025 жылы келесі құжаттар бекітілді:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшелерін - тәуелсіз директорларды конкурстық іріктеу қағидалары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің құзыреттерін бағалау және дамыту қағидалары.

Қордың Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау қағидалары шеңберінде Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және оның комитеттерінің 2025 жылғы қызметіне бағалау жүргізілді, бағалауды жүргізу тәсілі өзін-өзі бағалау (сауалнама) болып табылды.

Директорлар кеңесі бағалау нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін дамыту және жетілдіру мақсатында шаралар қабылдады.

## ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТЫ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ

Қордағы орнықты даму экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сияқты үш құрамдас бөліктен тұрады. Экономикалық құраушы Қордың қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытудағы инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық құраушы биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнім жасауды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік құраушы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар басқалармен қатар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау, жұмыскерлердің құқықтарын әділ марапаттау және құрметтеу, жұмыскерлердің жеке дамуы, жұмыскерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

- Қорды дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес тиімді және орнықты Қор құру қойылған міндеттерді іске асыру арқылы жүзеге асырылады;
- Қордың барлық деңгейдегі барлық жұмыскерлері мен лауазымды адамдары Қордың орнықты дамуына үлес қосады.
- КПМГ ұсынымына сәйкес Қорды дамытудың 2027-2031 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу кезінде тиісті корпоративтік практикаларды одан әрі жетілдіру мақсатында орнықты даму саласындағы бастамаларды әзірлеуді және енгізуді көздеу, сондай-ақ жұмыскерлерді «ESG/Орнықты даму» тақырыбында оқыту жоспарлануда.

## **ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ**

Қорда COSO ERM – «Ұйымның тәуекелдерін басқару – интеграцияланған модель» және «Ішкі бақылау – интеграцияланған модель» тиісті әдіснамасына сәйкес келетін, проблемалық блоктарды анықтауға, дұрыс емес рәсімдерді жоюға, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жеткілікті толық сипаттамасын алуға мүмкіндік беретін «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының бекітілген Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесінің талаптары сақталады.

Қордағы тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және Қордың уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және жұмыскерлерін тарта отырып, барлық деңгейде жүзеге асырылады. Кәсіптік біліктілікті қолдау мақсатында 2026 жылға Қордың тәуекел-менеджмент бөлімшесінің жұмыскерлерін оқыту (сертификаттарды өзектендіру) жоспарланған.

Тәуекелдер бойынша есептерді тоқсан сайынғы негізде Қордың Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі бекіткен жылдық тексеру жоспарының негізінде Қордың бизнес-процестерін тексеруді жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін дамыту және арттыру мақсатында ішкі аудит процестерін автоматтандыру құралдарын енгізу бойынша жұмыс орталықтандырылды.

## **КОРПОРАТИВТІК ЖАНЖАЛДАР МЕН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ ҚАҒИДАТЫ – ҚОРДА САҚТАЛАДЫ**

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ Қор жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығыстарды болдырмай, Жалғыз акционер мен Қордың мүдделері үшін тиісті қамқорлықпен және сақтықпен адал әрі ақылға қонымды түрде орындайды.

Қорда келесі ішкі құжаттар қабылданды және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамындағы корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексі;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында әлеуетті кандидаттар мен жұмыскерлерге комплаенс бағалау жүргізу тәртібі.

Есепті кезеңде Қорда корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелген жоқ.

## **ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ҚАҒИДАТТАРЫ - ҚОРДА САҚТАЛАДЫ**

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы және шынайы түрде ашады. Қорда келесі ішкі құжаттар қабылданды және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашуы қағидалары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының интернет-ресурстарында ақпаратты ашуы қағидалары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және жаңарту тәртібі;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жылдық есебін қалыптастыру және бекіту тәртібі;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қызметтік және коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Ақпарат Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі, Қордың корпоративтік интернет-ресурсында, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының интернет-ресурстарында ашылады.

Қордың корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашуы қағидалары, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және жаңарту тәртібі мен «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жылдық есебін қалыптастыру және бекіту тәртібі өзектендірілді.

# ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылғы 14 наурызға дейін Қордың Директорлар кеңесінің құрамына мынадай тұлғалар кірді:

- Виталий Алексеевич Тутушкин – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Ерболат Серикович Оспанов - Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Джованни Капаннелли - тәуелсіз директор;
- Асхат Серикович Касенов – тәуелсіз директор.

2025 жылғы 14 наурызда Қордың Жалғыз акционерінің № 3 шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Виталий Алексеевич Тутушкиннің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, ҚРҰБ төрағасының бірінші орынбасары Ерулан Кенжебекович Жамаубаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 14 наурыздағы шешіміне (№ 4 хаттама) сәйкес Ерулан Кенжебекович Жамаубаев Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2025 жылғы 14 наурыздан бастап енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесі өз қызметін мынадай құрамда жүзеге асырды:

- Ерулан Кенжебекович Жамаубаев – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Ерболат Серикович Оспанов - Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Джованни Капаннелли - тәуелсіз директор;
- Асхат Серикович Касенов - тәуелсіз директор.

## БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСКЕРГЕНДЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА МЫНАДАЙ МҮШЕЛЕР КІРДІ:

### ЕРУЛАН КЕНЖЕБЕКОВИЧ ЖАМАУБАЕВ – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

- 1995 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген.
- 1999 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің жанындағы Халықаралық бизнес мектебін «Стратегиялық менеджмент» (МДА) мамандығы бойынша бітірген.
- 2025 жылғы 17 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚРҰБ төрағасының бірінші орынбасары болып табылады.
- Бұған дейін, 1998-2006 жылдары ҚРҰБ-да түрлі лауазымдарда жұмыс істеген, 2006-2014 жылдары ҚРҰБ Үйлестіру департаментінің директоры болып жұмыс істеген.
- 2014-2015 жылдар аралығында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарушы директоры қызметін атқарды.
- 2015-2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.
- 2018 - 2019 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болды.
- 2019-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы қызметін атқарды.
- 2020 - 2021 жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрі лауазымын атқарды.
- 2022 - 2024 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі болды.
- 2024-2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметін атқарды.
- «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еуразиялық экономикалық одақты дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, мерейтойлық медальдармен марапатталған.

## ЕРБОЛАТ СЕРИКОВИЧ ОСПАНОВ – ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

- 1991 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін "Математика" мамандығы бойынша бітірген.
- 1999 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын "Қаржы және кредит" мамандығы бойынша бітірген.
- 2013 жылы Лос-Анджелес университетін (UCLA, Калифорния) бітірген, MBA.
- 2020 жылдан бастап Қор Басқармасының төрағасы қызметін атқарады. Қор Басқармасының құрамына сайланғанға дейін "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ Басқармасының төрағасы болған.
- Әр кезде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ тәуелсіз директоры (CEO), Borgata Mayer Inc. компаниясында CEO, «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК-де директорының сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, «Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясында Жергілікті қамтуды дамыту департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ Астана филиалы директорының орынбасары, «Алма-Трейдинг» ЖШС атқарушы директоры, «Қазақшетақтандыру» ЖАҚ Басқармасының төрағасы, «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ президенті және басқа да қызметтерді атқарды.
- 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Құрмет" орденімен марапатталды.
- 2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесінің айналымға енгізілгеніне 30 жыл толуына орай "Теңгеге 30 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталды.

## ДЖОВАННИ КАПАННЕЛЛИ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

- Экономика ғылымдарының докторы (Doctor of Philosophy (Ph.D.) in Economics), Экономика мектебі, Хитоцубаси университеті, Токио, Жапония (1997).
- Экономика ғылымдарының магистрі, Экономика мектебі, Хитоцубаси университеті, Токио, Жапония (1994).
- Экономика ғылымдарының бакалавры, Боккони университеті, Милан, Италия (1990).
- Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін 2002 жылдан бастап Азия Даму Банкінде (АДБ) түрлі қызметтер атқарды. Осы жылдар ішінде, 1996 жылдан бастап әлемнің көптеген ірі жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметпен айналысты.

## АСХАТ СЕРИКОВИЧ КАСЕНОВ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

- 1999 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін "Халықаралық құқық" мамандығы (бакалавр) бойынша үздік бітірді.
- Британдық Директорлар институтының корпоративтік басқару сертификатына (IoD Certificate in Company Direction) ие.
- 2016 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университеті Заң мектебінің магистратурасын (LLM) тәмамдады.
- 2020 жылы АҚШ-тағы Аризона университеті Эллер бизнес мектебін іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дипломымен бітірді.
- Phi Kappa Phi қоғамының мүшесі.
- Қазақстандық тәуелсіз директорлар қауымдастығының тең құрылтайшысы.
- 2025 жылғы шілдеден бастап «Уайт энд Кейс Қазақстан» (White & Case Kazakhstan) ЖШС-де кеңесші қызметін атқарады. Бұған дейін «Силлено» ЖШС бизнесті қолдау жөніндегі директоры болып жұмыс істеді (2023-2025). Бұған дейін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Заң департаментінің директоры қызметін атқарды (2019-2023).
- Сондай-ақ банктік және инвестициялық секторда жұмыс істеді, корпоративтік құқық және корпоративтік басқару мәселелері бойынша жеке практикамен айналысты.
- Еңбек қызметінің едәуір бөлігін, яғни 12 жыл «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы компанияларының тобында өткізді, онда корпоративтік хатшы және департамент директоры лауазымдарын атқарды, бірлескен кәсіпорынның директорлар кеңесінің құрамына кірді.

## 2026 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР:

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Асхат Серикович Касеновтің өз бастамасымен Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Енгізілген өзгерістерді ескерумен Қордың Директорлар кеңесінің құрамына мынадай мүшелер кіреді:

Ерулан Кенжебекович Жамаубаев - Директорлар кеңесінің төрағасы;

Ерболат Серикович Оспанов - Директорлар кеңесінің мүшесі;

Джованни Капаннелли - тәуелсіз директор.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ХАТШЫСЫ

2023 жылғы 14 тамыздан бастап осы уақытқа дейін корпоративтік хатшы лауазымын Директорлар кеңесінің хатшысы функциясын орындайтын А. Байжуман атқарады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылы Директорлар кеңесінің 16 отырысы өткізілді (оның ішінде 8 күндізгі және 8 сырттай отырыс). Көп жағдайда Директорлар кеңесінің отырыстарына Қордың Директорлар кеңесінің барлық мүшелері қатысты.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІ ХАБАРДАР ЕТУ

Қор Жарғысының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің барлық шешімдері 2025 жылы Жалғыз акционердің назарына жеткізілді.

## ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылғы 1 ақпанға дейін Қордың Директорлар кеңесі комитетінің құрамына мынадай тұлғалар кірді::

Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет:

Асхат Серикович Касенов – Комитет төрағасы;  
Джованни Капаннелли – Комитет мүшесі;  
Виталий Алексеевич Тутушкин – Комитет мүшесі;  
Ерболат Серикович Оспанов – Комитет мүшесі;

2025 жылғы 14 наурызға дейін Аудиторлық комитеттің құрамына мынадай тұлғалар кірді:

Аудиторлық комитет:

Джованни Капаннелли – Комитет төрағасы;  
Асхат Серикович Касенов – Комитет мүшесі;  
Виталий Алексеевич Тутушкин – Комитет мүшесі.

## 2025 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНДА МЫНАДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ:

Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 1 шешімімен 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің құрамы 3 адам болып айқындалды, Ерболат Серикович Оспановтың осы Комитеттің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 2025 жылғы 14 наурыздағы № 3 шешіміне, Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 14 наурыздағы шешіміне (№ 4 хаттама) сәйкес Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамының өзгеруіне байланысты Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы өзгертілді.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2025 жылғы 14 наурыздан бастап Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына мынадай мүшелер кірді:

Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлармен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет:

- Асхат Серикович Касенов – Комитет төрағасы;
- Джованни Капаннелли - Комитет мүшесі;
- Ерулан Кенжебекович Жамаубаев – Комитет мүшесі.

Аудиторлық комитет:

- Джованни Капаннелли – Комитет төрағасы;
- Асхат Серикович Касенов - Комитет мүшесі;
- Ерулан Кенжебекович Жамаубаев – Комитет мүшесі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ХАТШЫСЫ

2023 жылғы 14 тамыздан бастап осы уақытқа дейін корпоративтік хатшы лауазымын Директорлар кеңесінің хатшысы функциясын орындайтын А. Байжуман атқарады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің отырыстары бетпе-бет нысанда өткізілді. Отырыстарға Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеттің барлық мүшелері қатысты.

Аудиторлық комитеттің отырыстары күндізгі нысанда өткізілді. Отырыстарға Аудиторлық комитеттің барлық мүшелері қатысты.

Комитеттер қабылдаған шешімдер тиісті түрде ресімделіп, комитеттер хатшысы Қордың мүдделі тұлғаларының назарына жеткізді.

# ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

## ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА МЫНАДАЙ МҮШЕЛЕР КІРДІ:



Е.С. ОСПАНОВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

Басқарма төрағасы туралы ақпарат «Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы құрамы мен жұмысы туралы ақпарат» бөлімінде көрсетілген (71-бет).



А.Е. ЖАКИБАЕВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

2025 жылғы қарашадан бастап Қор Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары лауазымын, 2025 жылғы шілдеден бастап Қордың басқарушы директоры лауазымын атқарды. 2022-2025 жылдары Алматы қаласы әкімдігінде басшылық лауазымдарды, 2019-2022 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде басшылық лауазымдарды атқарды.

Жалпы жұмыс өтілі 14 жылдан асады, оның ішінде басшылық лауазымдарда 10 жылдан асады.



#### **А.К. УСАБАЕВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

2021 жылдың сәуір айынан бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары, 2020-2021 жылдары Қордың бас бухгалтері қызметін атқарды. 2018-2020 жылдары "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ бас бухгалтері болып жұмыс істеді.

Бұған дейін 2010-2018 жылдары ҚРҰБ Бухгалтерлік есеп департаментінде жұмыс істеген. "Есеп және аудит" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие.

2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесінің айналымға енгізілгеніне 30 жыл толуына орай "Теңгеге 30 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталған.



#### **Р.Е. КЫДЫКОВ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 2019-2020 жылдары "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы департаментінің директоры қызметтерін атқарды.

Бұған дейін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті директорының орынбасары - Жоспарлау басқармасының бастығы, Жоспарлау және стратегиялық талдау департаментінің директоры қызметтерін атқарған. Қаржы секторын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының медалімен марапатталған.

2020 жылы ұлттық валюта - теңге күнін мерекелеу аясында адал еңбегі және ҚРҰБ табысы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесі үшін ҚРҰБ төрағасының алғысы жарияланды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесінің айналысқа енгізілгеніне 30 жыл толуына орай «Теңгеге 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.



#### И.В. ЮГАЙ – БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 2019-2020 жылдары "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы департаментінің директоры қызметтерін атқарды.

Бұған дейін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті директорының орынбасары - Жоспарлау басқармасының бастығы, Жоспарлау және стратегиялық талдау департаментінің директоры қызметтерін атқарған. Қаржы секторын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының медалімен марапатталған.

2020 жылы ұлттық валюта - теңге күнін мерекелеу аясында адал еңбегі және ҚРҰБ табысы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесі үшін ҚРҰБ төрағасының алғысы жарияланды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - қазақстандық теңгенің айналысқа енгізілгеніне 30 жыл толуына орай «Теңгеге 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.



#### А.Н. СУАНКУЛОВА – ҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЫ

2020 жылғы ақпаннан бастап Қордың қаржы директоры болып табылады. Бұрын "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ басқарушы директоры қызметін атқарған. 2020 жылғы ақпанға дейін түрлі компанияларда қаржы директоры болып жұмыс істеді.

2004-2014 жылдар аралығында «Эрнст энд Янг» халықаралық аудиторлық компаниясында жұмыс істеді, онда аудит бөлімінің аға менеджері қызметін атқарды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - қазақстандық теңгенің айналысқа енгізілгеніне 30 жыл толуына орай «Теңгеге 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

2025 жылы ұлттық валюта - теңге күнін мерекелеу құрметіне адал еңбегі және ҚРҰБ табысы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесі үшін Қазақстан Ұлттық Банкі төрағасының алғысы жарияланды.

Осылайша, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамы 6 (алты) мүшеден құралды

*Басқарманың жұмысы туралы ақпарат «Корпоративтік басқару жүйесінің сипаттамасы» бөлімінде көрсетілген (59-бет).*

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қордың Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорларға сыйақыны Қор Жалғыз акционердің шешімімен айқындалатын мөлшерде төлейді. Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы айқындалмайды және төленбейді.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Д. Капаннеллиге сыйақы мөлшері Қордың Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі №5 шешімімен айқындалған.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор А.С. Касеновке сыйақы мөлшері Қордың Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 2 шілдедегі №3 шешімімен айқындалған.

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Басқарма мүшелеріне бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы мөлшері (сыйлықақы коэффициенттері) Жалғыз акционермен келісім бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленді.

## Сыйақының жалпы мөлшері\*:

| Сыйақы мөлшері (млн теңге)       | 2023  | 2024  | 2025  |
|----------------------------------|-------|-------|-------|
| Директорлар кеңесінің мүшелері   | 11,5  | 10,8  | 14,4  |
| Басқарма мүшелері                | 190   | 215,4 | 267,9 |
| Сыйақының жалпы мөлшерінің жиыны | 201,5 | 226,2 | 282,3 |

\*Басқарма мүшелерінің сыйақысына лауазымдық еңбекақы, сыйлықақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өзге де қосымша төлемдер кіреді.



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

# 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бұл тарау келесі бөлімдерден тұрады:

1. Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысы.
2. 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігі, ол келесілерді қамтиды:

Қаржылық жағдай туралы есеп;

Пайда мен шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп;

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп;

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.

Осы тарау бойынша толық ақпарат Қордың интернет-ресурсында (<https://kfu.kz/otchetnost/>) орналастырылған 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікте және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында баяндалған.

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ


«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ Акционері мен Директорлар кеңесіне.

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ПІКІРІ

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ ҚЕХС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы Қордың қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді.

## АУДИТ МӘНІ

Біз Қордың қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, оған мыналар кіреді:



## ПІКІР БІЛДІРУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ

Біз халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің "Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі" бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісінше болып табылады.

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіпқой бухгалтерлер әдебінің халықаралық кодексіне (БХӘСК кодексі) (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз.

Біз Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына БХӘСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық.

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Маңыздылық                | Жалпы Қордың қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық: 27 799 761 мың қазақстандық теңге, бұл 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің шамамен 0,8%-ын құрайды.                                                                                          |
| Аудиттің басты мәселелері | Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға және салымдарға инвестициялардың әділ құнын бастапқы және кейінгі бағалау және амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестицияларды бастапқы тану кезінде кірістер мен шығыстарды бағалау. |

## БІЗДІҢ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ӘДІСНАМАМЫЗ

Аудитті жоспарлау кезінде біз қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерінің маңыздылығын анықтадық және бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті пайымдаулар жасаған, мысалы, маңызды бағалау мәндеріне қатысты салаларын талдадық, бұл болжамдарды қолдануды және олардың сипатына байланысты белгісіздікпен байланысты болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтиды.

Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз де басшылықтың ішкі бақылау жүйесін айналып өту тәуекелін, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, жосықсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану тәуекелін тудыратын басшылықтың біржақтылық белгілерінің бар жоғын бағалауды қарастырдық.

Аудит көлемін біз Қор пайдаланатын есепке алу процестері мен бақылау құралдары қорының құрылымын ескере отырып, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, жалпы қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жұмыстарды жеткілікті көлемде орындай алатындай етіп анықтадық.

МАҢЫЗДЫЛЫҚ

Аудиттің көлемін анықтауға біздің маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмаланулардың жоқ екеніне ақылға қонымды сенімділік алуға арналған. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттерден немесе қателіктерден туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға негіз болса, маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Қордың қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылық үшін белгілі бір сандық шектерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық рәсімдердің сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және бұрмаланулардың (жеке және жиынтықта алынған), егер бар болса, жалпы қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

|                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жалпы Қордың қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық                      | 27 799 761 мың қазақстандық теңге.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Біз оны қалай анықтадық                                                       | 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің 0,83%-ы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі | <p>Қор қаржы нарығын дамыту мен нығайтудың мемлекеттік институты болып табылады. Екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдау және қаржы нарығын дамыту Қор қызметінің стратегиялық бағыттары болып табылады.</p> <p>Пайдалылық Қордың және оның басшылығының негізгі міндеті емес. Осылайша, біз маңыздылықты анықтау үшін ең қолайлы базалық көрсеткіш қаржылық активтер болып табылады деген қорытындыға келдік.</p> <p>Біз шамамен 0,8%-ды таңдадық, бұл таңдалған базалық көрсеткіш үшін пайдаланылатын маңыздылық шектеріне сәйкес келеді.</p> |

## АУДИТТІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің басты мәселелері - бұл біздің кәсіби пайымдауымызша, ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер жалпы қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға және салымдарға инвестициялардың әділ құнын бастапқы және кейінгі бағалау және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестицияларды бастапқы тану кезінде әділ құнды бағалау.

Біз мұны борыштық бағалы қағаздарға және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын салымдарға инвестициялар қалдықтарының маңыздылығына және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестицияларды бастапқы тану кезіндегі кірістерді немесе шығыстарды бағалауға, сондай-ақ бастапқы немесе кейінгі әділ құнды бағалау үшін қажетті басшылықтың пайымдаулары мен жорамалдарына байланысты аудиттің басты мәселесі ретінде айқындадық. Белсенді нарықта айналыста болмайтын инвестициялар мен салымдардың бастапқы және кейінгі әділ құнын айқындау үшін басшылық дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдаланады.

Есеп саясатының елеулі ережелері туралы ақпаратты, борыштық бағалы қағаздарға және салымдарға инвестициялардың әділ құнын бағалауға байланысты маңызды есептік бағалаулар мен пайымдауларды, инвестицияларды бастапқы тану кезінде кірістерді немесе шығыстарды бағалау арқылы әділ құн бойынша бағаланатын амортизацияланған құны бойынша бағаланатын және әділ құнмен байланысты басқа да ашуларды қамтитын, қоса беріліп отырған қаржылық есептіліктегі 4, 7, 8 және 19-ескертпелерді қараңыз.

Аудиттің басты мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды. Әділ құнды бағалау кезінде басқалармен қатар мынадай аудиторлық рәсімдерді орындадық:

- Біз Қордың есеп саясатының қаржы құралдарын бастапқы және кейінгі бағалау үшін 9 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкестігін бағаладық;

- Біз басшылықты бағалаудың негізділігін бағаладық және әділ құнды анықтау үшін қолданылатын бағалау әдістерін бағаладық;
- Біз бағалау әдістерінің, пайымдаулар мен бағалаулардың негізділігін тексеру үшін бағалау мамандарын тарттық;
- Біз әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын кіріс деректерді бастапқы құжаттармен және бақыланатын нарықтық деректермен салыстыру арқылы тексердік. Біз тиісті ақпараттың тікелей жалпыға қолжетімді ақпараттан алынғанын растадық;
- Біз жаңадан жасалған келісімшарттар/мәмілелер үшін бастапқы растау құжаттарына әділ құнды бағалау кезінде пайдаланылатын деректерді тексердік және салыстырып тексердік;
- Іріктеме негізінде біз инвестициялардың әділ құнын амортизацияланған құн бойынша және бастапқы тану кезіндегі пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта есептедік;
- Іріктеме негізінде біз есепті күндегі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар мен салымдарға инвестициялардың әділ құнын қайта есептедік;
- Біз қаржы құралдарының әділ құнын бағалау кезінде қолданылатын бағалау әдістері алдыңғы есепті кезеңдерде қолданылған әдістерге сәйкес келетінін тексердік;
- Біз инвестицияларды бастапқы тану кезіндегі кірістер мен шығыстардың Қордың қаржылық есептілігінде тиісті түрде ұсынылғанын және ашылғанын тексердік;
- Біз қаржылық есептіліктің 4, 7, 8 және 19-ескертпелерінде маңызды бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалауларға қатысты ашуларды, сондай-ақ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар мен салымдарға инвестициялардың әділ құнын бағалауға және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестицияларды бастапқы тану кезінде кірістерді немесе шығыстарды бағалауға байланысты басқа да ашуларды тексердік және бағаладық.

## БАСҚА АҚПАРАТ

Басшылық басқа ақпарат үшін жауап береді. Басқа ақпарат жылдық есепті қамтиды (бірақ қаржылық есептілікті және осы есептілік туралы аудиторлық есепті қамтымайды), ол бізге аудиторлық есептің күнінен кейін беріледі деп күтілуде.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділік білдіретін қорытынды бермейміз.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізуге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және басқа ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктер бар ма және басқа ақпаратта басқа да мүмкін елеулі бұрмаланулар жоқ па деген мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде оның құрамында елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, оны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін, сондай-ақ басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және, басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметті таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама мүмкіндігі болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

## АУДИТОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз жосықсыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есеп шығару болып табылады.

Орынды сенімділік – бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе жиынтығында әсер етуі мүмкін деген негізді дәлел болса, бұл елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

**ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Бұған қоса біз келесілерді орындаймыз:**

- жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырты алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есепте ақпаратты тиісті түрде ашуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу тиісінше болмаса, біздің пікірімізді түрлендіруге назар аударуға тиіспіз. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Әйтсе де болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына, басқалармен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықталатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізделген түрде әсер ететін барлық өзара қарым-қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қатерлерді жою үшін қабылданған іс-әрекеттер немесе қабылданған сақтық шаралары туралы мәлімдеме береміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және аудиттің елеулі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз.

Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз.

**«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан Тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың жетекшісі Айгүл Ахметова**

## "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ" АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Қазақстандық мың теңгемен                                        | 2025 жылғы 31 желтоқсан | 2024 жылғы 31 желтоқсан | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|------------------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------|-------------------------|
| <b>АКТИВТЕР</b>                                                  |                         |                         |                         |
| Ақша қаражаты және оның баламалары                               | 1,007,802,230           | 1,030,777,118           | 926,351,321             |
| Банктерде орналастырылған салымдар                               | 20,777,964              | 22,248,342              | 85,528,640              |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар        | 92,662,232              | 273,449,562             | 256,108,739             |
| Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар                     | 1,300,629,362           | 1,287,962,068           | 1,257,488,769           |
| Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар | 1,053,098,275           | 1,095,672,301           | 1,130,114,028           |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер                   | 144,904                 | 167,233                 | 215,171                 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері                              | 257,855,362             | 292,758,506             | 312,173,165             |
| Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем                    | 5,475,683               | 7,485,934               | 7,455,369               |
| Өзге активтер                                                    | 46,591                  | 35,428                  | 34,120                  |
| <b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>                                            | <b>3,738,492,603</b>    | <b>4,010,556,492</b>    | <b>3,975,469,322</b>    |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>                                             |                         |                         |                         |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                              | 1,080,134,590           | 1,146,248,387           | 1,213,866,317           |
| Өзге міндеттемелер                                               | 835,733                 | 535,559                 | 398,415                 |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>                                       | <b>1,080,970,323</b>    | <b>1,146,783,946</b>    | <b>1,214,264,732</b>    |
| <b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>                                          |                         |                         |                         |
| Акционерлік капитал                                              | 4,795,733,142           | 4,795,733,142           | 4,795,733,142           |
| Қосымша төленген капитал                                         | 274                     | 274                     | 274                     |
| Жинақталған шығын                                                | (2,138,211,136)         | (1,931,960,870)         | (2,034,528,826)         |
| <b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>                                    | <b>2,657,522,280</b>    | <b>2,863,772,546</b>    | <b>2,761,204,590</b>    |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>                  | <b>3,738,492,603</b>    | <b>4,010,556,492</b>    | <b>3,975,469,322</b>    |

## "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ" АҚ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Қазақстандық мың теңгемен                                                                                                               | 2025 ж.           | 2024 ж.           | 2023 ж.            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|--------------------|
| Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы есептелген пайыздық кірістер                                                              | 201,557,364       | 191,424,966       | 204,929,724        |
| Өзге ұқсас кірістер                                                                                                                     | 16,152,854        | 20,627,749        | 22,086,729         |
| Пайыздық шығыстар                                                                                                                       | (153,535,692)     | (151,406,184)     | (168,749,846)      |
| <b>Таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер</b>                                                                                          | <b>64,174,526</b> | <b>60,646,531</b> | <b>58,266,607</b>  |
| Кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін қалпына келтіру                                                                             | 3,274,863         | 1,076,264         | 3,692,058          |
| <b>Кредиттік шығындар резервін құрғаннан кейінгі таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер</b>                                            | <b>67,449,389</b> | <b>61,722,795</b> | <b>61,958,665</b>  |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен жүргізілетін операциялардан шығыстарды шегергендегі кірістер | (43,337,377)      | 33,269,299        | 57,319,325         |
| Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар                                                                                                      | (2,510,853)       | (1,961,676)       | (1,756,496)        |
| Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар                                                                                             | (717,911)         | (532,663)         | (487,816)          |
| Өзге операциялық кірістер/(шығыстар)                                                                                                    | 685               | 1,450             | (124,286)          |
| <b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>                                                                                                     | <b>20,883,933</b> | <b>92,499,205</b> | <b>116,909,392</b> |
| Пайдаға салық бойынша шығыстар                                                                                                          | (720,679)         | (13,517,977)      | (24,814,537)       |
| <b>ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА</b>                                                                                                               | <b>20,163,254</b> | <b>78,981,228</b> | <b>92,094,855</b>  |
| Өзге жиынтық кіріс:                                                                                                                     |                   |                   |                    |
| Жылдағы өзге жиынтық кіріс                                                                                                              | -                 | -                 | -                  |
| <b>ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>                                                                                                      | <b>20,163,254</b> | <b>78,981,228</b> | <b>92,094,855</b>  |
| Акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда (акцияға қазақстандық теңгемен)                                                         | 40,84             | 159.98            | 186.54             |

## "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ" АҚ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Қазақстандық мың теңгемен                                                                                                                                                                                    | Акционерлік капитал  | Қосымша төленген капитал | Жинақталған шығық      | Капитал жиыны          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|--------------------------|------------------------|------------------------|
| <b>2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық</b>                                                                                                                                                         | <b>4,795,733,142</b> | <b>248</b>               | <b>(2,157,305,071)</b> | <b>2 638 428 319</b>   |
| Қосымша төленген капиталға бөлу                                                                                                                                                                              | -                    | 26                       | -                      | 26                     |
| Салықтарды шегергендегі салымдарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен кірістер (10 830 066) мың теңге мөлшерінде                                                                                                |                      |                          | 43,320,264             | 43,320,264             |
| 3 340 555 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын салымдарды бастапқы тану кезінде танылған дисконт                                                        | -                    | -                        | (13,362,219)           | (13,362,219)           |
| Салықтарды шегергендегі әділ құны бойынша танылған 7 537 мың теңге мөлшеріндегі дисконт/сыйлықақы және (269 336) мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі амортизацияланған құны бойынша инвестициялар | -                    | -                        | 1,047,195              | 1,047,195              |
| Өзге бөлулер                                                                                                                                                                                                 | -                    | -                        | (323,850)              | (323,850)              |
| <b>2023 жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>                                                                                                                                                                        | <b>-</b>             | <b>-</b>                 | <b>92,094,855</b>      | <b>92,094,855</b>      |
| <b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық</b>                                                                                                                                                     | <b>4,795,733,142</b> | <b>274</b>               | <b>(2,034,528,826)</b> | <b>2,761,204,590</b>   |
| Салықтарды шегергендегі салымдар мен бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен кірістер (30 131 275) мың теңге мөлшерінде                                                                            | -                    | -                        | 120,525,099            | 120,525,099            |
| Салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы тану және түрлендіру кезінде танылған 2 379 748 мың теңге мөлшеріндегі дисконт/сыйлықақы                                                                         | -                    | -                        | (9,518,991)            | (9,518,991)            |
| 223 031 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі әділ құн бойынша және 21 631 814 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі амортизацияланған құн бойынша инвестициялар бойынша танылған дисконт  | -                    | -                        | (87,419,380)           | (87,419,380)           |
| <b>2024 жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>                                                                                                                                                                        | <b>-</b>             | <b>-</b>                 | <b>78,981,228</b>      | <b>78,981,228</b>      |
| <b>2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық</b>                                                                                                                                                     | <b>4,795,733,142</b> | <b>274</b>               | <b>(1,931,960,870)</b> | <b>2,863,772,546</b>   |
| Салықтарды шегергендегі салымдар мен бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен кірістер (37 935 332) мың теңге мөлшерінде                                                                            | -                    | -                        | 151,741,327            | 151,741,327            |
| Салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы тану және түрлендіру кезінде танылған 1 711 393 мың теңге мөлшеріндегі дисконт/сыйлықақы                                                                         | -                    | -                        | (6,845,572)            | (6,845,572)            |
| Дивидендтер төлеу                                                                                                                                                                                            | -                    | -                        | (371,309,275)          | (371,309,275)          |
| <b>2025 жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>                                                                                                                                                                        | <b>-</b>             | <b>-</b>                 | <b>20,163,254</b>      | <b>20,163,254</b>      |
| <b>2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық</b>                                                                                                                                                     | <b>4,795,733,142</b> | <b>274</b>               | <b>(2,138,211,136)</b> | <b>(2,657,522,280)</b> |

## "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ" АҚ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Қазақстандық мың теңгемен                                                                                        | 2025 ж.           | 2024 ж.           | 2023 ж.             |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|---------------------|
| Операциялық қызметтен ақша ағындары                                                                              |                   |                   |                     |
| Алынған пайыздық кірістер                                                                                        | 162,052,982       | 150,725,929       | 154,325,001         |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялардан алынған пайыздық кірістер               | 17,808,642        | 21,133,525        | 20,377,728          |
| Төленген пайыздар                                                                                                | (143,095,182)     | (142,713,746)     | (141,519,666)       |
| Қызметкерлермен есеп айырысу                                                                                     | (1,982,354)       | (1,735,437)       | (1,501,318)         |
| Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілермен есеп айырысу                                                         | (1,088,606)       | (729,074)         | (833,288)           |
| Табыс салығын қоспағанда, төленген салықтар                                                                      | (940)             | (571)             | (1,283)             |
| <b>Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін алынған ақша қаражаты</b> | <b>33,694,542</b> | <b>26,680,626</b> | <b>30,847,174</b>   |
| Операциялық активтерді таза (ұлғайту)/азайту                                                                     |                   |                   |                     |
| - Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар                                               | 42,398,202        | 34,296,531        | (65,976,477)        |
| - Өзге активтер мен міндеттемелер                                                                                | (326,236)         | (180,607)         | (159,624)           |
| <b>Операциялық қызметтен/ке алынған/( пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>                                      | <b>75,766,508</b> | <b>60,796,550</b> | <b>(35,288,927)</b> |

| Қазақстандық мың теңгемен                                                    | 2025 ж.              | 2024 ж.              | 2023 ж.            |
|------------------------------------------------------------------------------|----------------------|----------------------|--------------------|
| Инвестициялық қызметтен ақша ағындары                                        |                      |                      |                    |
| Қаражатты салымдарда орналастыру                                             | (8,900,035)          | (14,931,162)         | (19,739,347)       |
| Орналас­ты­рыл­ған салымдардан түсімдер                                      | 9,900,695            | 197,487,830          | 85,141,513         |
| Инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша сатып алу                     | -                    | (280,023,170)        | (215,174,947)      |
| Инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша өтеуден түсімдер              | 29,074,237           | 181,625,973          | 213,524,630        |
| Инвестицияларды пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша сатып алу        | -                    | (1,153,662)          | (39,339)           |
| Инвестицияларды пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша өтеуден түсімдер | 318,597,092          | 36,662,762           | 12,940,352         |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу                   | (29,190)             | (6,311)              | (19,844)           |
| <b>Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>                    | <b>348,642,799</b>   | <b>119,662,260</b>   | <b>76,633,018</b>  |
| Қаржылық қызметтен ақша ағындары                                             |                      |                      |                    |
| Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсімдер                                  | 390,151,771          | 233,862,987          | 361,799,110        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу                                   | (466,226,691)        | (309,896,000)        | (354,199,006)      |
| Дивидендтер төлеу                                                            | (371,309,275)        | -                    | -                  |
| <b>Қаржылық қызметте (пайдаланылған)/одан алынған таза ақша қаражаты</b>     | <b>(447,384,195)</b> | <b>(76,033,013)</b>  | <b>7,600,104</b>   |
| <b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өсімі</b>                | <b>(22,974,888)</b>  | <b>104,425,797</b>   | <b>48,944,195</b>  |
| <b>Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары</b>                      | <b>1,030,777,118</b> | <b>926,351,321</b>   | <b>877,407,126</b> |
| <b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары</b>                      | <b>1,007,802,230</b> | <b>1,030,777,118</b> | <b>926,351,321</b> |

# ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР



## ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының 2025 жылғы осы Жылдық есебінде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

### ҚОР

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы.

### ҚОҚ

Қазақстанның орнықтылық қоры.

### ҚРҰБ

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі.

### Қордың Корпоративтік басқару кодексі

Қордың Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі.

### Қордың Корпоративтік әдеп кодексі

Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 8 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексі.

### Басым жобаларға кредит беру тетігі

«Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігі (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 336 қаулысымен күші жойылды).

### Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 39 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы.

### ҚР банк секторының қаржылық орнықтылық бағдарламасы

ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы.

### **Қайта қаржыландыру бағдарламасы**

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы.

### **Жеңіл автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы**

ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы №79 қаулысымен бекітілген Отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы

### **Кумулятивті ГЭП алшақтық**

Жақын арада қайта бағалануы мүмкін сезімтал активтер мен міндеттемелердің жалпы көлемі арасындағы айырма.

### **«Баспана хит» НИӨ**

ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №123 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдеріне сәйкес әзірленген «Баспана хит» нарықтық ипотекалық өнімі.

### **Қордың Жарғысы**

Қордың Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №1 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жарғысы.

### **Ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы**

ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Нарықтық ипотекалық өнім талаптары.

### **ХӘОТ**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарының мәртебесін растаған қарыз алушылар.

### **FITCH RATINGS**

Америка корпорациясы, үш ірі халықаралық рейтингтік агенттіктің бірі, ресми түрде эмитенттің дефолт рейтингі (ЭДР) деп аталатын халықаралық және ұлттық рейтингтерді береді.

### **ШОК**

Шағын және орта кәсіпкерлік.

### **ЖІӨ**

Жалпы ішкі өнім.

### **ЕДБ**

Екінші деңгейдегі банктер.

### **ЭДР**

Эмитенттің дефолт рейтингі.

### **ГЭП**

Қоғам оның көмегімен белгілі бір мерзім ішінде өтелуге жататын немесе пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне ұшырайтын Қоғамның активтері мен міндеттемелерінің көлемін салыстыруға негізделген өтімділік тәуекелін және пайыздық тәуекелді өлшейтін бағалау құралы.

### **GRI (Global Reporting Initiative), (GRI Standards)**

Ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсері туралы ақпаратты ашуға арналған жалпы стандарттар.

### **IIRC (International Integrated Reporting Council)**

Қаржылық және қаржылық емес деректерді байланыстыратын есептілікті интеграциялауға арналған стандарт.

### **SASB (Sustainability Accounting Standards Board)**

Орнықты дамудың инвесторлар үшін елеулі факторлары туралы ақпаратты ашуға арналған стандарт.

### **LTIFR (Lost Time Injury Frequency Rate)**

Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті. Формула:  $(\text{жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар саны} * 1\,000\,000) / \text{Жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны}$ . Әкімшілік, офис секторларындағы және бизнес-қызметтердегі жарақаттанудың орташа салалық деңгейі 1-ден кем, атап айтқанда, 1 млн сағатқа 0,19 құрайды.

### **TRIR (Total Recordable Injury Rate)**

Барлық тіркелетін өндірістік жарақаттардың жиілік коэффициенті. Формула:  $(\text{тіркелетін жарақаттар саны} * 1\,000\,000) / \text{Жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны}$ . Әкімшілік, офис секторларындағы және бизнес-қызметтердегі өндірістік жарақаттанудың орташа салалық деңгейі 1-ден кем, атап айтқанда, 1 млн сағатқа 0,2-0,8 диапазонды құрайды.

### **GRI-referenced**

Жекелеген көрсеткіштерді ашу GRI талаптарының толық жинағын қолданбай, GRI тиісті стандарттарына сілтеме жасай отырып жүзеге асырылатын есеп.

## Қор

Мекенжайы: A15C9T5, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., «Көктем-3» ы/а, 21-үй

## Кеңсе\Қабылдау бөлмесі

+7 (727) 277-20-25 (ішкі 7300)  
[info@kfu.kz](mailto:info@kfu.kz)

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ ресми  
сайты  
[kfu.kz](http://kfu.kz)

Бірыңғай CALL CENTER (тәулік бойы):  
+7 (727)-22-7-20-25

“Қазақстанның орнықтылық қоры” АҚ кез келген қызметкерінің немесе лауазымды  
тұлғасының Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді,  
Корпоративтік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесінің  
Аудиторлық комитетін хабардар етудің шұғыл желісі

+7 (727) 344-27-44 (ішкі 7407) - Қордың ішкі аудитору

БАЙЛАНЫС  
АҚПАРАТЫ